



*Новое  
пространство  
образования и  
творчества*

*.....3-стр.*




ҚОҒАМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК  
ПЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ  
ҮЛГІСІ

*.....4 бет*

## В ЗКУ обсудили вопросы кибербезопасности

В ЗКУ им. М. Утемисова состоялась встреча преподавателей с заместителем начальника Управления по противодействию киберпреступности ДП ЗКО, майором полиции Олжасом Шуйшалиевым. В ходе встречи были рассмотрены актуальные виды киберпреступлений, вопросы профилактики интернет-мошенничества, защиты персональных данных, а также обеспечения цифровой безопасности в сфере образования.

Спикер привёл конкретные примеры современных киберугроз и разъяснил меры по предупреждению правонарушений. Мероприятие прошло в рамках концепции «Закон и порядок» и было направлено на повышение правовой грамотности преподавателей и формирование культуры кибербезопасности. В завершение встречи участники задали интересующие их вопросы и получили полезную практическую информацию.



### ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША МАГИСТРАНТТАРМЕН ӨТКІЗІЛГЕН КЕЗДЕСУ

Интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранттарымен кездесу өткізді.



Іс-шараның негізгі мақсаты – интернет алаяқтық фактілерінің алдын алу, азаматтарды күмәнді ақша аударымдары мен жалған ұсыныстардан сақтандыру, сондай-ақ жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын түсіндіру.

Кездесу барысында магистранттар күнделікті өмірде кездесетін интернет алаяқтықтың түрлі жағдайлары туралы айтып, жеке деректерді қорғау, банк карталарының мәліметтерін қауіпсіз сақтау және күмәнді сілтемелерден сақтану жолдары жөнінде сауалдар қойды.

Өз кезегінде сала мамандары интернет алаяқтардың қазіргі таңда жиі қолданатын жаңа тәсілдері, соның ішінде фишинг, жалған сайттар, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жасалатын алаяқтық түрлері туралы кеңінен ақпарат берді. Сонымен қатар, алаяқтық әрекеттерге тап болған жағдайда құқық қорғау органдарына дер кезінде хабарласудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу соңында қатысушыларға интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде ақпараттық жадынамалар таратылып, мұндай профилактикалық іс-шаралардың қоғамдағы құқықтық сауаттылықты арттырудағы рөлі ерекше екені айтылды.

**Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің ресми парақшасынан алынды**

## Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен тәжірибелік қолдану жолдары

Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып, оқыту үдерісінің мазмұны мен сапасын жаңа деңгейге көтеріп отыр. Осыған орай Мәдениет және өнер факультеті оқытушыларына арналған «Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен тәжірибелік қолдану жолдары» тақырыбында әдістемелік семинар ұйымдастырылды.



Семинардың негізгі мақсаты – оқытушыларды заманауи жасанды интеллект құралдарымен таныстыру, сондай-ақ оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану жолдарын көрсету болды. Іс-шарана жүргізген білікті оқытушы Амантурлина Г.Қ семинар барысында қатысушыларға әртүрлі мақсатта қолданылатын чат-боттардың мүмкіндіктерімен таныстырып, оларды сабақ жоспарлау, оқу-әдістемелік материалдар дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру және студенттермен кері байланыс орнату үдерістерінде пайдалану тәсілдерін меңгертті.

Семинарда шығармашылық бағыттағы мамандықтарға арналған жасанды интеллект құралдарына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, музыка мамандығына

арналған ЖИ құралдары арқылы музыка жазу, аранжировка жасау және дыбысты өңдеу мүмкіндіктері таныстырылды. Дизайн мамандығына арналған жасанды интеллект құралдары графикалық дизайн мен визуалды контент жасаудағы тиімділігімен ерекшеленді. Аспапта орындау мамандығы бойынша жасанды интеллекттің орындаушылық шеберлікті жетілдіруге және жаттығу үдерісін оңтайландыруға ықпал ететіні айтылды. Сонымен қатар суретшілерге арналған жасанды интеллект құралдарын қолдану бағыттары ұсынылып, көркем шығармашылықты дамыту жолдары көрсетілді.

Іс-шара барысында жасанды интеллекттің негізгі түрлері мен олардың атқаратын қызметтері түсіндіріліп, білім беру саласындағы маңызына жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ оқытушыларға NotebookLM құралын пайдалану жолдары көрсетіліп, оны оқу материалдарын жүйелеу, құжаттармен жұмыс жүргізу және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында қолдану мүмкіндіктері таныстырылды.

Семинардың практикалық бөлімінде қатысушылар жасанды интеллект құралдарын өз пәндеріне бейімдеп қолданып көріп, жаңа технологиялардың білім беру үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға зор мүмкіндік беретінін атап өтті.

Қорытындылай келе, аталған әдістемелік семинар білім беру саласында жасанды интеллектті қолданудың маңыздылығын айқындап, оқытушыларға жаңа тәжірибе мен тың идеялар сыйлаған мазмұнды әрі пайдалы іс-шара болды.

**Н.А.ХАБАДАШЕВ,**  
Мәдениет және өнер факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары,  
**Р.Ж.КУАНШАЛИЕВА,**  
Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

# Новое пространство образования и творчества

В университете Махамбета начал работу новый «Центр творческого превосходства» - пространство, в котором гармонично сочетаются история и современное образование. Здание, построенное в конце XIX века, а именно в 1878 году, является памятником истории и архитектуры местного значения. Изначально это был жилой дом купеческой семьи Вяхиревых, прибывших из Оренбургской губернии. На протяжении многих лет объект был тесно связан с общественной и образовательной жизнью региона. С 1913 года здесь функционировала Уральская учительская семинария, позднее — учительские курсы, средняя школа № 5 и Институт повышения квалификации учителей. В годы Великой Отечественной войны здание использовалось в качестве госпиталя. В 1932 году именно в этом здании был заложен фундамент современного ЗКУ им. М.Утемисова. В 2018 году объект перешёл в ведение университета и после проведения капитального ремонта и реставрационных работ вновь стал частью образовательного и культурного пространства. Сегодня в Центре творческого превосходства



функционируют мастерские и учебные кабинеты по теории искусства и дизайна, методикам и технологиям обучения, текстильному и декоративно-прикладному искусству, ювелирному делу, художественной керамике и скульптуре, моделированию одежды, рисунку, живописи, станковой графике и основам дизайна. Также для студентов доступны компьютерные классы, кабинет декора, балетный зал, учебный театр, гримёрные помещения и научная библиотека. В церемонии открытия принял участие заместитель акима ЗКО Кайыржан Мендығалиев, который выразил уверенность, что новое творческое пространство станет важной площадкой для развития профессионального и творческого потенциала студентов, реализации образовательных и культурных проектов, а также сохранения исторического наследия региона. Кроме того, в торжественном мероприятии приняли участие председатель областного маслихата Мурат Мукаев, а также председатель областного филиала партии «Народная партия Казахстана», депутат областного маслихата Борис Лаврентьев, которые пожелали Центру успешной и плодотворной работы.



## ЕРІКТІЛІК – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

Еріктілік – мейірім мен жан жылуын қоғамға тарататын, адамды рухани кемелдікке жетелейтін ізгі жол. Бұл – жүректен шыққан ниет пен шынайы жанашырлықтың көрінісі. Мен, Ибрайымова Ақбота, үш жылға жуық уақыттан бері Орал қаласының жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы жанынан құрылған «Орал жастары» еріктілер қозғалысының мүшесімін. Биылдан бастап аталмыш қозғалыстың көшбасшысы қызметін атқарып келемін. Еріктілік мен үшін тек қоғамдық жұмыс қана емес, жан-жақты дамудың, бос уақытты тиімді өткізудің және қоғаммен етене араласудың ең ұтымды жолы. Осы ортада жүріп, өзімді тұлға ретінде танып, өмірге деген көзқарасым кеңейе түсті. Еріктілік қызмет барысында облыстық және қалалық әкімдіктерден, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінен бірнеше алғыс хаттарға ие болып, жеке портфолиомады толықтырдым. Алайда мен үшін ең үлкен марапат – елдің алғысын алып, үлкендердің батасын сезіну. Сол сенімге лайық болу – зор жауапкершілік әрі мәртебе.

2024 жылдың қазан айында Алматы қаласында республикалық деңгейде өткен «Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ұлттық және халықаралық жобалар көрмесіне» қатысу бақыты бұйырды. Аталған шараға Орал қаласынан әр салада белсенді жастардан құралған делегация құрамында аттандым. «Орал жастары» еріктілер қозғалысының көшбасшысы ретінде қатысу мен үшін үлкен тәжірибе мен жауапкершілік мектебі болды. «Орал жастары» – менің өмірімдегі ең маңызды әрі қадірлі орта. Бұл қозғалыс маған уақытты тиімді пайдалануды, мақсат қоюды және сол мақсатқа нық қадам басуды үйретті. Рухани тұрғыда байып, жетістіктерім еселене түсті. Бүгінде мен сеніммен айта аламын:

«Орал жастары» – достықтың ордасы, ал еріктілік – жүректің ісі, ізгіліктің бастауы.

**Ақбота ИБРАЙЫМОВА,**  
«Орал жастары» еріктілер қозғалысының көшбасшысы,  
Мәдени тынығу жұмысы БББ 4-курс студенті



## ҚОҒАМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ПЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Қоғамға пайдасын тигізуді парыз санайтын жастар – бүгінгі күннің нағыз батырлары. Солардың бірі – «Орал жастары» волонтерлық қозғалысының көшбасшысы, М.Өтемісов атындағы БҚУ Мәдениет және Өнер факультеті МТЖ-41 студенті Ақбота Ибрайымова. Ол тек үздік студент емес, өз ортасында жанашыр, алғыр мінезімен және қайырымдылыққа құштарлығымен көптің жүрегінен орын алған жас қоғам белсендісі.

**– Ақбота, өзің жайлы қысқаша айтып берсең.**

– Қайырлы күн! Мен Ибрайымова Ақбота Амангелдіқызы, М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 4-курс студентімін.

**– Волонтерлықпен айналысуға не түрткі болды?**

– Бос уақытымды тиімді өткізу үшін, айналымды кеңейтіп, өзгеше орта табу үшін және көмегімді тигізу үшін бастадым.

**– Ең алғаш қандай жобаларға қатысқан едің?**

– 1-курстан бастап «Орал жастары» қозғалысында белсендімін. Қалалық,

облыстық және республикалық шараларда волонтер болдым. Кейбір жобаларда Ақжайық телеарнасына сұхбатқа да бардым, бірнеше Алғыс хатқа ие болдым.

**– Волонтер болу саған нені үйретті?**

– Әр ортада еркін болуды, іске жүреппен кірісуді, жастармен тығыз араласуды үйретті. Республикалық деңгейдегі шараларға тиянақты қатысуды да сол тәжірибе арқылы меңгердім.

**– Волонтерлық барысында есіңде қалған ерекше сәт болды ма?**

– Алматыға екі күндік іс-сапарымыз ерекше естеліктер қалдырды. Сол сапар жүрегіме жақын әрі қызықты болды.

**– Болашақта осы бағытты жалғастырасың ба?**

– Әрине. Студенттік шағымда бұл сала мені шыңдады. Сондықтан оны дамытуға, жетістіктерді арттыруға ниеттімін.

**– Студент жастарға қандай кеңес берер едің?**

– Студенттік шақ – ең әдемі, санаулы уақыт. Жүрек қалаған ісіңмен айналысыңыздар, бос өткізбеңіздер.

Ақбота өз сөзінде волонтерлық – жүректің ісі, игіліктің бастауы екенін айтты.



Оның белсенділігі, жанашырлығы жастарға үлгі, қоғамға пайдалы іс. Мұндай жастар – еліміздің ертеңгі үміті. Волонтерлық арқылы дамып, өз ортасына оң ықпал ете алған

Ақбота секілді тұлғалар көп болғай!

**І.Б. ТӨЛЕУОВА,**  
МТЖ-41 студенті

## Мектеп кітапханасындағы іс-шараларды ұйымдастыру әдістемесі

Кітапханада ұйымдастырылатын іс-шаралардың тағы бір түрі – оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілетін әдеби-танымдық кештер. Мысалы, Тәуелсіздік күніне арналған кітап көрмесі, Абай күніне арналған әдеби сағат, Ұлы Жеңіс мерекесіне орай өткізілетін тарихи деректерге негізделген кештер. Мұндай шаралар оқушылардың ұлттық рухын көтеріп, туған елге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Сонымен қатар кітапханада оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдауға бағытталған байқаулар ұйымдастыру да маңызды. «Ең үздік оқырман», «Жас ақындар айтысы», «Кітап – білім бұлағы» атты эссе немесе өлең жазу конкурстары балалардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Оқушылардың өздері дайындаған көркем шығармаларын көпшілік алдында оқу да олардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруге септігін тигізеді.

**Мектеп кітапханасы – оқушылардың білімін кеңейтіп, рухани байлығын арттыратын мәдени-ағартушылық орталық. Кітапхана – тек кітап қоры ғана емес, сонымен бірге оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын, оқу мәдениетін қалыптастыратын және ізденіс дағдыларын жетілдіретін маңызды орын. Кітапханада өткізілетін іс-шаралар – жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына, мәдени құндылықтарды бойына сіңіруіне ықпал етеді. Биыл ғана «Кітапханалық-педагогикалық қызмет» БББ қосылған бұл пән – болашақ кітапханашы-педагог үшін маңызды пән болып табылады. Бұл пәннің мақсаты – мектеп кітапханасының білім беру және тәрбиелік кеңістіктегі орнын анықтап, онда ұйымдастырылатын мәдени-ағартушылық, танымдық, шығармашылық бағыттағы іс-шараларды тиімді жоспарлау мен жүзеге асырудың теориялық және практикалық негіздерін меңгерту болып табылады. Жалпы іс-шараларды ұйымдастыру білу – оқушылардың оқуға деген құлшынысын арттыру және кітапты ақпарат көзі ретінде пайдалануға баулу екенін айта кеткен жөн. Бұл бағытта кітап көрмелері, әдеби кештер, тақырыптық пікірталастар, авторлармен кездесу кештері жиі өткізіледі. Осындай шаралар барысында оқушылар тек әдеби шығармаларды талдап қана қоймай, өз ойын еркін жеткізуге, пікір алмасуға дағдыланады, бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытады.**

Мектеп кітапханасында өткізілетін шаралар тек оқушыларға ғана емес,

ұстаздар мен ата-аналарға да бағытталуы мүмкін. Бірлескен іс-шаралар арқылы

кітапхана – мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайтатын мәдени ортаға айналады. Мысалы, «Ата-аналармен бірге оқимыз» жобасы немесе мұғалімдерге арналған әдістемелік әдебиеттер көрмесі білім беру үдерісіне қосымша қолдау көрсетеді.

Мектеп кітапханасындағы іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру – оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырудың, мәдени құндылықтарға баулудың және шығармашылық қабілеттерін дамытудың басты тетігі. Кітапхана – мектептің жүрегі іспетті. Ол қаншалықты мазмұнды жұмыс атқарса, оқушылардың ой-өрісі мен рухани әлемі соншалықты бай болады. Сондықтан әрбір мектеп кітапханашысы өз ісін жүйелі ұйымдастырып, заманауи талаптарға сай түрлі іс-шараларды жүзеге асыруы қажет.

**Альбина АХАНОВА,**  
Филология факультетінің тәрбие ісі  
жөніндегі декан орынбасары

XIX ғасырдың басы мен бел ортасында қаймана халықты ғылым-білімге үндеген, өзіндік ерекше тілдік қолданыстарымен қазақ әдеби тіліне мұхиттай терең ой салған үш ағартушы бар. Олардың бірі Батыс пен Шығысты, халық шығармашылығынан сусындаған ойшыл Абай болса, Шығыстың жарық жұлдызы атанған халық мүддесін қорғаушы, танушы Шоқан және тұңғыш бала оқыту ісін қолға алып, мектеп ашқан Ыбырай да «Дала қоңырауы» секілді феномен құбылыс. Алайда алабұртқан халық сол кездегі биліктің зардабын шегіп, өзгиге ұшырап, ел мен жанның қамын қамдап жүрген уақытта, оқу-ағарту мәселесі көлеңкеленіп қала берді.

XIX ғасырдың басында Қазақстандық капиталистік қатынас жүйесі орныға бастаған сәтте, Ресей империясы халықтың мұқым оқу жағдайын, мәдени ісін зерделеп тануға мәжбүр болды. Яғни, мектеп құру мәселесі, халықты сауаттандыру ісі жаңа бетбұрыс алды. Дәл осы дәуірдің ізгілікті интеллигенті Абай мен Ыбырай ізін жалғастырушы болып, өзінің дарын қуатымен, ұшан-теңіз дария білімімен, ұлттың меңіреу санасын «маса» болып оятқан, толғауы тоқсан сөз өнерінің талантты ұшқыр ойлысы, қазақ тіл білімінің терең білгірі Ахмет Байтұрсынұлы 20-жылдың ақырап айында Қазақ АССР-ның оқу халық комиссариатының белді төрағасы болып тағайындалды. Ахаң осы қызметте жүріп, ұлт мектептеріне төл оқулық, мұғалімдер қауымына әдістемелік нұсқау, т.б. оқу құралдарын жазуға түрлі шаралар қабылдап, қазақ зиялыларына бір шоғырда әр түрлі еңбек жазуды міндеттеді. Мектеп ашылғанымен оны ұйымдастыруда шырмаулы мәселелер яғни басы ашылмаған проблемалар бар еді. Өйткені, жаңа үлгідегі мектептер үшін білікті мамандар, ұлттық тіліндегі оқулықтар мен жосықтар аз болды. Мұғалімдерді әдістемелік қаруландыру мақсатында 1925 жылы «Жаңа мектеп» атты ғылыми журнал шықты. Бұл әдістемелік журнал беттерінде ағарту ісін қолға алған озат мұғалімдердің мақалалары т.б. еңбектері жарияланды. Ахаң соның ішінде қазақ тілі мұғалімдеріне зерделі оймен, шексіз білімімен өшпестей ірі мұра қалдырған, ақылы мен талант - дарыны, қабілет-қарымы әбден шаршысына толған шағында бүтіндей бір қазақ топырағына, алашқа бірегей мұрасын жазып қалдырды. Өрине, мұндай дария білімнің иесі мұнша қатпарлы жұмысты 14 жыл бойы бала оқытқан ісінен алды. Бала оқыту ісінде жүріп, мұғалімдер қауымына қажетті жағдайлар жайын ойлады, ең бірінші қазақ балаларының сауатын ашатын жазу графикасы, екіншіден, ана тілі оқулықтары мен ана тілін оқыту әдістемесін жазуды басты назарда ұстады. Қазақ тілінің оқыту әдісі мен тиісті оқулық көздері дүниеге келмейінше, ұлттың ұлттық графикасы қолға алмайынша ел болу мүмкіндігі жоқ екенін түсінген дара тұлға сөйлеу, жазу тілін үйрететін «Тіл жұмсар» оқулығын, кейін 1912 жылда жарық көрген «Баяншы» кітапшасында дыбыс негізінде оқушыларды сауаттандыру әдісі көрсетілген. Ахаң педагог мамандарға әдістемелік дайын рецепт түрінде беруден аулақ. Керісінше, әр берген тапсырмада яки

# Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы және оның бүгіндегі көрінісі

дағдыландыру бөлігінде қалай түсіндіру қажеттігін, теорияны оңай меңгертуді көрсеткен. Мәселенки, «сөйлем және оның белгілері» деген тақырыпты танытуда физиологиялық эксперимент әдісі мен оқушыларды түгелімен қамтитын ерекше сұрақ арқылы меңгертуді ашып көрсеткен: Сөйлеуді оқығанда дауыс неше рет тынады? - деп түсіндіре келе, жазылым дағдысына тақтадан мәтін көшіру тапсырмасын береді. Кейін жұмыс тынған соң, қанша сөйлем бар екенін танытады. Ал үтірдің сөйлемдегі қызметін түсіндіру үшін жетекші сұрақтарды ұтымды пайдаланады. Мысалы: «өңгімені оқығанда, сөздердің үтір тұрған аралары мен үтір тұрмаған аралары қалай оқылатынын байқаңдар» деп оқушыларды «байқату» әдісі іздендіру жұмысына бағыттайды. Ұлт ұстазының еңбегінде берілген бірқатар тапсырмалар жүйесі «деңгейлеп оқыту технологиясына» сайма-сай келеді. Сөзімізге дәлел болсын, мысалы: біріншіден оқушыларға сөздің белгілерін танытып алып, кейін сөздің тіркесу қабілетіне тиімді жұмыстарды жүйелеген: төмендегі екі сөздің арасында бір тел сөзден қалай етіп қайсысына теліп айтуға болады? дегені қазіргі әдістемедегі: мына сөздер қай сөздермен тіркесе алады? деген сұрауға тура келеді.

болды { үшке  
жауын } ұрды { ит  
доп }

Ұлы ұстазы басқа да тақырыптарды қаузап ұғындыру ісінде ауыз әдебиетінің көркем үлгілерін ұтымды пайдалана білген. Яғни оқушыларды үйрету ісінде ұлттық құндылыққа бағдарланған сабақта ауыз әдебиетіндегі жаңылтпаш өлеңдерін, қазақтың айналысып отырған шаруашылық түрінен көптепептеп мысалға алған. Және де оқушы білігін тексеру үшін «шиыршық» принципін, яғни «жеңілден-ауырға» тәсілін ерекше қолданысын да жүйелеп көрсеткен ағартушы Ахмет еді. Мысалы, білімгерлерге сөзден сөз жасау қабілетін көрстеуде «сөз тудыру, сөз туғызу» сынды тапсырмаларды қамтыған. Көлемі қысқа ғана мәтінді меңгерту үшін «Ойлау. Ойланту. Ой қорыту» жұмысына, яғни мәтін мазмұнынан тыс сұрақты қару еткен. Профессор Ахмет: «Әдіс - керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай дей келе, әр тілдің өзіндік ішкі заңдылығына қарай оқыту әдістерін сұрыптап алуды алға тартады. Мысалы, ғалым балаға

дыбысты таныстыруда дыбысты мұқияттып айту қажеттігін, кейін тұтас сөз жолымен үйретуді көрсетсе, балаларға сөзді бірден жазғызбай, сіріңкеден үлгісін жасау қажеттігін баса айтқан. Оңайдан күрделіге дейінгі аралықта суретпен жұмыс, сөздерден сөйлем құрау, жаңылтпаш жасату сынды саралау тапсырмаларын айдан анық, күннен жарық көрсеткен. Мәтінмен жұмыс кезінде біріңғай сұрақтар қоя бермей, «қайсысын қайда қою» сынды тапсырма берген. Бұл қазіргі әдістемедегі оқылым кезіндегі сәйкестендіру әдісіне сай келетіні айтпаса да түсінікті. Және тіл дамыту, тіл ұстарту жұмысын да «қолайына қарай, қос сөйлеммен қою» атты шығармашылық тапсырманы үйлестіре ұсынған. Мазмұны:

Қатқан аш, арық	Ауқаты шабақ
Сақал-шамы ақ	Мынау сорлы шал
Сусын-шалап	Қарадан таза
Бойына назар сал!	Аяқта шарық
Баладан ада	Қайрата қайтқан шақ

Бұл әдістің сипатына келер болсақ, оқушылардың тілін дамытуға ұйқас тармақты алуы.

Ғалым ойын элементтерін сабақ процесінде қолдануда:

«Ойлаңдар! Ойлаңдар!»

Бір үйдің төрт аты бар еді.

Еркек жаны екі әке, екі ұл еді.

Еркектері кісі болса бір аттан мінгенде, бір ат артық болып шықты. Бұл қалай? - сияқты дамытушы ойындарды ұтымды пайдаланған. Ол оқу-тәрбие процесінде ұлттық тәрбие, ақыл-ой тәрбиесінің элементтерін қарастырған.

Қорыта айтқанда, қазақ қауымы көшінің басшысы, қазақты іргелі жұрт қатарына қосу үшін жүргізген, парасаты мен пайымдаған ойы - осы ағартушылық идеясы еді. Ахаңның негіздеген теориясы мен ана тілін оқытудағы дидактикалық әдістемелер бүгінгі күнмен орайласып, үндесіп жатыр. Оның қазақ баласына істеген ерен еңбегі, өнер мен білім жолындағы жанкешті ерлігі тарих ұмытпақ емес... Елі барда, халқы барда, ер есімі ұлықталады!!!

## Қадыр Мырза Әлі

### поэзиясындағы антонимдердің қолданысы

Көркем әдебиетте әуезді, ырғақты өлең сөздерде тілдік единицаларды, әсіресе лексикалық бірліктерді мақсатты түрде екі кереғар ұғымды қатар қоя отырып, автор өзінің субъективтік көзқарасын жеткізу үшін антонимияларды ерекше қолданады. Көркем тілдің тетігін жасауды теңеу, эпитет, фразеологизм, метафоралық қолданыстан басқа белгілі бір ақынның поэтикасында контекстік антонимдер молынан ұшырасады. Мәселен өңірлік ақын, қазақ поэзиясының алыбы, ұстаз Қадыр Мырза Әлінің бірқатар өлеңдерінде антонимдер ерекше көрініс тапқан. Ақын «Шабытты шақ» деген 5 шумақты өлеңінде:

«Қас қағым уақыт ішінде,

Ұғасың бәрін дана боп.

Қас қағым уақыт ішінде,

Шығасың және бала боп».

Сырт қарағанда тек құптамау, наразы болу модальді мәндерін жеткізуге жәрдем болатын антонимдер бірнеше модальді реңктің жасалуына бейім екен. Олардың қатары бірде контекстегі семантикалық ұйысым өсерінен жұмсалымды грамматика заңдылықтарына бағына қозғалып, енді бірде когнитивтік аспектіде түрленеді.«Дана-бала» сырт қарағанда антоним сөздер қатарына жатпайтындай, тек ақынның шұрайлы тілінде ырғақты үйлесім тапқан ұйқасты сөз ретінде

қабылдануы мүмкін. Негізінде антонимдік жұп ретінде автор тілінде адамның өмір сәттерінде, белгілі бір уақытта айналадағы құбылыстарға байланысты адам әрекетінің құбылмалылығын жеткізуде қолданып тұр. Қадыр ақын «Жүйрік» деген поэзиялық туындысында қазақтың тұрмысынан бөліп-жарып қарай алмайтын арғымақ аттың шабысын адамзатқа тән шабыт деген құдіретке балауы-ақынның ақындық шеберлігін танытады.

«Ақ көбік ақтарылған езуін-ай!

Өзі-ат.

Өзі-қыран.

Өзі-құмай.

Сірә, оған шабудан да самғау жеңіл,

Сірә, оған қалудан да озу оңай!» деген өлең тармақтарындағы «шабу-қалу» етістікті сөздері антонимдік жұп құрап тұр. Автор «шабу-қалу» сөзін қарсы қоя отырып, арғымақтың желдей жүйріктігін өз дәрежесінен биіктетіп, дамыта яғни градациялап авторлық антонимия жасап тұр.

Ақын ежелгі грек философы Диогеннің монологі деген толғақты өлең шумақтарында лирикалық кейіпкер тіліне:

«Есептесең алтыныңды есепте!

Ол ажалдан құтқармайды «дос» ед деп.

Жарлыға өлу әлдеқайда жеңілдеу,

Өмір сүру қиынырақ десек те!» деген сөздеріндегі «өлу-өмір сүру», «жеңілдеу-қиынырақ» антонимдері

адам пендешілікпен жасайтын, яғни өмірде байлық жиып, құлқынның құлына айналып кеткендер туралы бір сөт ойланады. Соңында байлық жиғанның өлуі-сор, жарлының өлімі өмір сүруге қарағанда жеңіл болатыны туралы философиялық ой түйеді.

Ақынның көркем тілі белгілі бір символикалар арқылы ассоциация құрап, жігіттер жағына үндеу тастаған өлеңі «Туған жердің тылсым сырын ұғып көр» атты 3 шумақты лирикасында:

«Қарап тұрып мынау шырқау шыңдарға,

Қалай төмен боламыз, ей, жігіттер!?

Қарап тұрып мынау түпсіз теңізге,

Қалай тайыз боламыз, ей, жігіттер

Көре тұра мынау ұлы даланы,

Қалай кіші боламыз, ей, жігіттер!» деп жарлай арнауындағы «шың-төмен», «теңіз-тайыз», «ұлы дала-кіші» деген заттық мағынадағы ұғымды сындық мағынадағы антонимия жасап тұр. Яғни, автор теңіз, шың, дала бейнелеріне қарап, қазақ жігіттеріне керекті қасиеттерді сіңіріп, жігіттіктің шыңына жетуді қалап тұрғаны айдан анық, күннен жарық байқалып тұр.

Қорытындылай келе, лингвист ғалым Ж. Манкееваның: «Көркем тілдің сөз құдыретін танудың тетігі мен табиғатын жекелеген көріктеу құралдары негізінде емес, қаламгердің шығарма мазмұнына арқау еткен тұлғалық мұратына сай құрайтын өрмегінде яғни тұтас мәтіндік жүйеде анықталатыны дәлелді. Соның нәтижесінде шығармалардың тілі арқылы жазушының көркемдік әлемінде, иә көркемдік санасында қалыптасқан өзін қоршаған шындыққа, уақытқа деген қатынасы, түсінігі анықталады» деген сөзімен аяқтаймын.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жыл басында саяси дәстүрге айналған мерзімді баспасөзге берілген сұхбаты жарияланғаны мәлім. Мемлекет басшысы «*Turkistan*» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлымен дидарласып, еліміздің қазіргі ахуалына және ілгергі кезектегі даму бағдарына кеңірек тоқтала білді. Сұхбат барысында экономикадан бастап қоғамдық санаға, технологиялық серпілістен әлеуметтік әділеттілікке дейінгі бірқатар маңызды бағыттар желісі қамтылып, бірыңғай стратегиялық жүйе тұрғысында таразыланды.

ашығын айтты. Сондай-ақ сұхбатта сөз болған *көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру мәселесі* еліміз үшін стратегиялық маңызы зор міндет тұрғысында тарқатылды.

**2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды.** Сұхбат барысында Мемлекет басшысы: **«Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Оның үстіне Қазақстанда азаматтарымыздың**

*интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылады,* – деп баяндады. «Көз қорқақ, қол батыр» деген.

**Елдің қорғаныс қабілеті – айрықша маңызды.** Армия жастарға қолдау көрсетіп, оларды еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеп шығаруы керек. Әскерде әлімжеттікке, бұзақылыққа, рушылдыққа, жершілдікке орын жоқ, ондай жайттарға жол берілмейді. Шын мәнінде **сарбаз болу – өзіңді дамыту үшін тың мүмкіндіктерге ие болу деген сөз.** Әскери борышын өтеп қайтқан жастар жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқи алады. Әскери

*отыр. Абай халқымыздың еңбекқор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Бірде-бір дәуірде, әсіресе, саяси аласапырандар кезеңінде көпірме сөздің еш пайдасы болмаған,* – деуі аса орынды.

Президентіміз сұхбат барысында қазіргі жастардың отаншылдығы туралы: «Меніңше, **отаншылдық** деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. **Отаншыл болу – туған еліңнің, отбасыңның игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз...** Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Бірақ халқымыз, соның ішінде

# ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСТЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІККЕ ДЕЙІНГІ АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЖҮЙЕСІ

Сұхбаттасу барысында айтылғандай, өткен жылы айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Мәселен, ел экономикасы 6 пайыздан аса өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. *Әрине, бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Десек те, мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілісіп, масайрап отыруға болады деген сөз емес.* Ойлана қарасақ, әлі де түйіні тарқатылмаған түйткілдер қаншама. Ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғарылығын айтсақ та жеткілікті.

Сұхбатта салық реформасының өзектілігі тілге тиек етіліп, *«біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз.* Бұл орайда Президентіміздің: *«Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз – қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл – әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі»* деуі құптарлық.

Сұхбат барысында Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды реформа *энергетикалық және коммуналдық сектордағы реформа мәселесі* орынды қозғалды. Мемлекет басшысы: *«Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді. Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртық-тесігін жанталаса жамап-жасқап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті. Соған қарамастан, біздің үкіметтеріміз «авгийдің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атақ әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті»,* – деп мәселенің



*өмір салтын едәуір өзгерткен танымал финтех компаниялар табысты жұмыс істеп жатыр... Екі мың компанияның басын қосқан Astana Hub инновациялық кластері де бар. 2025 жылы IT-қызметтердің жалпы экспорты бір миллиард долларға жуықтады. Цифрлық активтерге арналған CryptoCity пилоттық аймағы құрылып жатыр. Жедел дамитын Alatau city қаласының құрылысы басталды. Былтыр мамыр айында Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес жұмысын бастады. Оған шетелдік және еліміздің беделді сарапшылары шақырылды. Қараша айында «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойылды. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. AI.M. Cloud және AI-Farabium аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды. Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің танымал компаниясымен бірлесіп, дербес платформа құрды... Кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 650 мыңнан астам студент AI-Sana бағдарламасы аясында білім алды. Көп ұзамай Жасанды*

қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі.

Президент сұхбатында айтылғандай, **биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады.** Қазір сарапшылар тобымен бірге Атазаңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстар қаралуда. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде **жаңа Конституция қабылдаумен парапар қадам жасалады деуге болады.** Бұл ретте Мемлекет басшысы: *«Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Сондықтан біз Абайды және оның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеп келеміз. Ол қоғамдағы кемшіліктерді бүкпесіз айтып, «Толық адам» болуға бастайтын дұрыс жолды нұсқап кетті. Ұлы ойшылдың ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы саналатын «Қара сөздері» әлі күнге дейін өзекті болып*

**жастарымыз алмайтын асу жоқ. Биылғы Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы – еліміз үшін айтулы дата әрі осыған дейін жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құратын сәт.** Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та тек науқаншылдыққа айналдырмау керек, бұл Қазақстанның өсіп-өркендеуінің символы болуға тиіс. Мәселен, Президент жариялаған *«Таза Қазақстан» жалпыхалықтық қозғалысы – айрықша маңызды идеологиялық акция. Себебі тазалық дегеніміз – мағынасы терең, мазмұны сан қырлы ұғым. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс.* Бұл – Мемлекет басшысының басты кредолы тұжырымы. **Лайым солай болғай! Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш – орман. Туған елімізді дамыту жолында ел ынтымағын жалау етіп, бірлікте болайық! Жұмыла көтерген жүк жеңіл!**

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**  
Қоғамдық даму департаментінің директоры,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор

**Тұрар ШАЙХИЕВ,**  
саясаттанушы

# ӨЛЕҢ МЕН ӨМІР: МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті филология факультетінде «Өлең мен өмір өрнегі» тақырыбында студент жастармен тағылымды кездесу ұйымдастырылды. Рухани-әдеби мазмұнға құрылған бұл басқосу жастардың шығармашылық ой-өрісін кеңейтуге, әдебиет пен өмір сабақтастығын терең түсінуге бағытталды.



Кездесудің құрметті қонағы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық Мәдениет және өнер орталығының директоры Талғат Мықи Жұмабекұлы болды.

Шара барысында қаламгер поэзиядағы өмір шындығы, ақын жауапкершілігі, сөз құдіреті мен рухани құндылықтар туралы ой қозғап, жеке шығармашылық жолынан әсерлі естеліктерімен бөлісті. Студенттер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, әдебиет пен өнерге қатысты өз пікірлерін ортаға салды. Ашық форматтағы еркін сұхбат жастардың белсенді қатысуымен өрбіді.

Кездесу жас буынның әдеби талғамын қалыптастыруға, ұлттық сөз өнеріне деген қызығушылығын арттыруға және рухани тәрбие беруге ықпал еткен маңызды мәдени-танымдық алаңға айналды.

Осындай мазмұнды кездесулер университеттің рухани ортасын байытып, студенттердің шығармашылық ізденісіне серпін беретіні сөзсіз.



Генеральной линией развития современного Казахстана выступает трансформация национальной экономики через цифровые технологии и искусственный интеллект, которая является стратегическим приоритетом развития государства.

В глобальной экономике цифровые технологии и искусственный интеллект определяют конкурентоспособность и устойчивость развития. Для Казахстана это не выбор, а стратегическая необходимость, позволяющая диверсифицировать экономику, повысить производительность и создать новые возможности для благосостояния граждан. Экономический рост казахстанской экономики предусматривает увеличение ВВП и производительности труда посредством широкого

## Развитие Казахстана в свете новых веяний XXI века

внедрения инноваций, создание новых отраслей и бизнес-моделей. Следствием инновационного развития нашей страны должны стать улучшение социальных услуг, повышения благосостояния народа и качества его жизни. Поэтому Государственные программы развития Цифрового Казахстана предусматривает цифровую трансформацию государственного сектора, бизнеса и общества с фокусом на развитие экосистемы инноваций и цифровых сервисов. Национальная стратегия по развитию и повсеместного применения искусственного интеллекта направлена на развитие научных исследований, подготовку специалистов и внедрение ИИ в ключевых секторах экономики, включая энергетику, здравоохранение и сельское хозяйство.

Одним из важных направлений в области инноваций является создание специальных регионов для развития цифровых стартапов, которые требуют привлечение инвестиций и формирование экосистемы предпринимательства. Инфраструктурная основа цифровой революции направлена на широкополосный доступ ресурсов цифровых технологий для всех слоев населения страны, для этого предусматривается развертывание 5G сетей, волоконно-оптических линий и спутникового интернета, которые позволяют обеспечить не только универсальный доступ в городах и удаленных регионах страны, в том числе и сельских населенных пунктов, но и скорость и надежность связи.

Программа цифрового развития страны включает в себя строительство Центров обработки данных с высокой безопасностью, энергоэффективностью и соответствии международным стандартам для размещения критичного цифрового потока. Потенциал ИИ становится основой для экономики Казахстана, который сопровождает развитие промышленности, сельского хозяйства. Особую значимость ИИ имеет в здравоохранении для диагностики заболеваний, персонализированного лечения и управления здоровьем населения.

В Казахстане уже успешно реализованы такие цифровые проекты как Электронное государство, которое предоставляет гражданам и бизнесу доступ к более чем 1500 государственным услугам в цифровом виде, сокращая бюрократические процедуры и время обслуживания, Smart City проекты, внедрение

IoT решений в Астане и Алматы для управления инфраструктурой, улучшения качества жизни и оптимизации коммунальных услуг.

Большие возможности предоставляют платформы для онлайн-обучения и использование ИИ для персонализации образовательного процесса, обеспечивая доступность качественного образования для всех регионов. Развитие цифровых компетенций и подготовка квалифицированных специалистов является основой успешной трансформации казахстанского общества. Для этого необходимо переориентировать систему образования на STEM дисциплины, программирование и аналитику данных. Внедрение цифровой грамотности с начальных классов и обучение основам программирования и ИИ является трендом казахстанского образования. В системе высшего образования необходимо развитие специальностей в области кибербезопасности, data science и машинного обучения. Программы непрерывного образования в области ИИ необходимы для специалистов традиционных отраслей по приобретению цифровых навыков.

В современных условия развития информационного общества для Казахстана приобретает международное сотрудничество и партнерство с ведущими мировыми компаниями в области ИИ, облачных вычислений и кибербезопасности для трансфера технологий и знаний в Казахстан. Особое значение приобретает развитие сотрудничества нашей страны с соседними странами в Центральной Азии для создания региональной цифровой экосистемы и обмена лучшими практиками. Для страны, управляемой данными и инновациями, цифровизация и ресурсы искусственного интеллекта выступают не просто технологическими инструментами, но и становятся трансформационной силой. Современные информационные технологии, в том числе и ИИ переопределяют образ жизни граждан, структуру экономики и роль Казахстана в глобальном мире.

**Т. БЕКЕШЕВ, И. ЗАКИРЖАНОВ,**  
студенты 4 курса ОП 6В 03102 «Международные отношения»,

**Г. Н. ЕСЕЕВА,**  
старший преподаватель ОП «Социальные науки»

# «ДЕНСАУЛЫҚ»

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде дәстүрге айналған «Денсаулық спартакиадасы» өтті. Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бұл спорттық додаға білім ордасының профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері белсенді қатысты. Спартакиада 9 спорт түрі бойынша ұйымдастырылды. Биылғы жарыстың өту форматы өзгеріп ұлттық ойындарға көңіл бөлінді. Сонымен қатар биыл әр командаға екі дене шынықтыру маманы қосылды. Олар жарыс барысында қатысушылардың физикалық дайындығын қадағалап, дұрыс жаттығу жасауына бағыт-бағдар берді. Мамандардың кәсіби қолдауы спортшылардың мүмкіндігін арттырып, командалардың жоғары нәтиже көрсетуіне оң ықпал етті.

- Барлық Махамбет университетінің ұжымы осы күнді асыға күтеді. Дәстүрге айналған спартакиада биыл 68 рет ұйымдастырылып отыр. Жаңа спорт түрі - садақ ату енгізілді. Барлық команда жоғарғы деңгей көрсете білді. Осы күндері ұйымшылдық танытқан әріптестеріме алғысым шексіз, - дейді білім ордасының тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Мерген Сүлейменов.

Бір аптаға созылған жарыс барысында қатысушылар шағын футбол, волейбол, арқан тарту, үстел теннисі секілді командалық және жеке спорт түрлерінен бақ сынады. Сондай-ақ зейін мен логикалық ойлау қабілетін талап ететін шахмат пен дойбы, шаңғы эстафетасы және дартс сайыстары өтті. Ал садақ ату жарысы үшін қатысушылар «Нұр-Ер» орталығына арнайы барып, өз шеберліктерін сынады. Мұндай спорттық іс-шаралар ұжымдық бірлікті нығайтып қана қоймай, қызметкерлердің денсаулығын жақсартуға, белсенді өмір салтын қалыптастыруға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Бәсекенің қорытындысы бойынша III орын Әкімшілік құрамасына бұйырды. II орынды Физика-математика факультетінің командасы иеленсе, Шаруашылық бөлімі екінші жыл қатарынан бас жүлдені жеңіп алды. Жекелей сындарда үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар да назардан тыс қалған жоқ. Әр спорт түрі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

- Физика-математика факультетінен шығып тұрмын. Волейболдан бағымды сынап көрдім. Жалпы жарыс ұнады. Ұйымдастыру жағы - жоғарғы деңгейде. Жыл сайын қатысып тұрамыз. Мұндай спорттық шаралар алдымен денсаулыққа пайдалы. Барлық әріптестеріме сәттілік тілеймін, - дейді жарысқа қатысушы, ұстаз Гүлсім Қадырова.

№	Командалар	Волейбол	Футбол	Үстел теннис	Дойбы	Шахмат	Шаңғы эстафетасы	Дартс	Садақ ату	Арқан тарту	ҰПАЙ	Орын
1	Шаруашылық қызметі	6	4	3	1	1	4	5	4	1	29	I
2	Физика-математика факультеті	3	3	1	2	3	7	4	5	4	32	II
3	Университет әкімшілігі	2	1	4	4	7	5	2	8	6	39	III
4	Ақпараттық технологиялар орталығы	7	6	5	7	4	2	3	2	8	44	IV
5	Жаратылыстану-география факультеті	8	2	7	3	5	1	6	7	5	44	V
6	Педагогика факультеті	9	5	6	5	9	3	1	6	2	46	VI
7	Тарих, экономика және құқық факультеті	4	9	2	6	6	6	7	3	7	50	VII
8	Мәдениет және өнер факультеті	5	7	8	8	2	9	8	1	3	51	VIII
9	Филология факультеті	1	8	9	9	8	8	9	9	9	70	IX

Айта кетейік, биылғы спартакиада 68-ші рет ұйымдастырылып отыр. Қатысушылардың айтуынша, спорттық дода жоғары деңгейде өтіп, ерекше әсер сыйлаған. Ал ұйымдастырушылар алдағы уақытта да бұл дәстүрлі спартакиаданы жалғастырып, жыл сайын өткізуді жоспарлап отыр.

## Қорытынды кесте

### Арқан тартыс

№	Құрама команда	Орын
1	Шаруашылық қызметі құрама командасы	I
2	Педагогика факультеті	II
3	Мәдениет және өнер факультеті	III
4	Физика және математика факультеті	IV
5	Жаратылыстану-география факультеті	V
6	Әкімшілік құрамасы	VI
7	Тарих экономика және құқық факультеті	VII
8	Ақпараттық технологиялар орталығы	VIII
9	Филология факультеті	IX

### Волейбол

№	Құрама команда	Орын
1	Филология факультеті	I
2	Әкімшілік құрамасы	II
3	Физика және математика факультеті	III
4	Тарих экономика және құқық факультеті	IV
5	Мәдениет және өнер факультеті	V
6	Шаруашылық қызметі құрама командасы	VI
7	Ақпараттық технологиялар орталығы	VII
8	Жаратылыстану-география факультеті	VIII
9	Педагогика факультеті	IX

### Үздік ойыншылар:

Кадырова Гүлсұм Максұтовна  
Орынғали Гүлжазира Төлеуғалиқызы  
Мақсотова Данара  
Сүлейменов Мерген Қуанышұлы  
Иманғалиев Мерболат Мереевич  
Наби Али Ғаббасұлы



# СПАРТАКИАДАСЫ

## Дартс

№	Құрама команда	Орын
1	Педагогика факультеті	I
2	Әкімшілік құрамасы	II
3	Ақпараттық технологиялар орталығы	III
4	Физика және математика факультеті	IV
5	Шаруашылық қызметі құрама командасы	V
6	Жаратылыстану-география факультеті	VI
7	Тарих экономика және құқық факультеті	VII
8	Мәдинет және өнер факультеті	VIII
9	Филология факультеті	IX

### Үздік ойыншы:

1. Рамазанова Валия
2. Рахметжанов Асхат

## Дойбы

№	Құрама команда	Орын
1	Шаруашылық қызметі құрама командасы	I
2	Физика және математика факультеті	II
3	Жаратылыстану-география факультеті	III
4	Әкімшілік құрамасы	IV
5	Педагогика факультеті	V
6	Тарих экономика және құқық факультеті	VI
7	Ақпараттық технологиялар орталығы	VII
8	Мәдинет және өнер факультеті	VIII
9	Филология факультеті	IX

### Үздік ойыншылар:

1. Байбулсинова А.С.
2. Кыдырбаев Мухамбет
3. Хасанова Инкар
4. Абдиева Айгүл

## Шаңғы эстафетасы

№	Құрама команда	Орын
1	Жаратылыстану-география факультеті	I
2	Ақпараттық технологиялар орталығы	II
3	Педагогика факультеті	III
4	Шаруашылық қызметі құрама командасы	IV
5	Әкімшілік құрамасы	V
6	Тарих экономика және құқық факультеті	VI
7	Физика және математика факультеті	VII
8	Филология факультеті	VIII
9	Мәдинет және өнер факультеті	IX

### Үздік шаңғышылар:

1. Рамазанова Валия
2. Каберов Серик
3. Ермеқалиев Тарас
4. Балтабаева Бағдагүл

## Шахмат

№	Құрама команда	Орын
1	Шаруашылық қызметі құрама командасы	I
2	Мәдинет және өнер факультеті	II
3	Физика және математика факультеті	III
4	Ақпараттық технологиялар орталығы	IV
5	Жаратылыстану-география факультеті	V
6	Тарих экономика және құқық факультеті	VI
7	Әкімшілік құрамасы	VII
8	Филология факультеті	VIII
9	Педагогика факультеті	IX

### Үздік ойыншылар:

1. Жайжанов Уалихан
2. Капаков Гарифула
3. Шамаудина Нургуль

## Садақ ату

№	Құрама команда	Орын
1	Мәдинет және өнер факультеті	I
2	Ақпараттық технологиялар орталығы	II
3	Тарих экономика және құқық факультеті	III
4	Шаруашылық қызметі құрама командасы	IV
5	Физика және математика факультеті	V
6	Педагогика факультеті	VI
7	Жаратылыстану-география факультеті	VII
8	Әкімшілік құрамасы	VIII
9	Филология факультеті	IX

### Үздік ойыншылар:

1. Пазлышанова Жансая
2. Аманбаев Аскар
3. Қанат Аида

## Теннис

№	Құрама команда	Орын
1	Физика және математика факультеті	I
2	Тарих экономика және құқық факультеті	II
3	Шаруашылық қызметі құрама командасы	III
4	Әкімшілік құрамасы	IV
5	Ақпараттық технологиялар орталығы (IT)	V
6	Педагогика факультеті	VI
7	Жаратылыстану-география факультеті	VII
8	Мәдинет және өнер факультеті	VIII
9	Филология факультеті	IX

### Үздік ойыншылар:

1. Дилдина Альбина
2. Талгатова Зульфат
3. Гумарова Альфия



## Шағын футбол

№	Құрама команда	Орын
1	Әкімшілік құрамасы	I
2	Жаратылыстану-география факультеті	II
3	Физика және математика факультеті	III
4	Шаруашылық қызметі құрама командасы	IV
5	Педагогика факультеті	V
6	Ақпараттық технологиялар орталығы	VI
7	Мәдинет және өнер факультеті	VII
8	Филология факультеті	VIII
9	Тарих экономика және құқық факультеті	IX

### Үздік ойыншылар:

1. Кадырбаев Мухамбет- Үздік ойыншы
2. Сарманов Айбек- Үздік қорғаушы
3. Ермеқалиев Тарас- Үздік шабуылшы
4. Қоблан Мирас- Үздік қақпашы
5. Жұмағалиев Бейбарыс- Үздік сұрмерген



# ТҮРЛІ ТҮСТІ ГРАФИКА: ДӘСТҮР МЕН ИННОВАЦИЯ ҮЙЛЕСІМІ

Ұлттық мәдениет пен өнерді жаңғырту – бүгінгі білім беру кеңістігіндегі маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта университетте өткен «Ұлттық мәдениет пен өнерді сақтаудағы инновациялық әдістері» атты әдістемелік айлық аясында «Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және дизайн мамандарын дайындау» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Бақытгүл Әбділқайырқызы Молдашева Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі, кәсіби суретші Бекжан Жұмағалиевтің қатысуымен «Түрлі түсті графика техникасы» тақырыбында шеберлік сағатын ұйымдастырды.



Шеберлік сағатының басты мақсаты – болашақ мамандарды түрлі түсті графика өнерінің қыр-сырымен таныстыру, олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту және теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру

болды. Іс-шара тәжірибелік бағытта өтіп, кәсіби суретшінің тікелей көрсетуі арқылы жүзеге асты. Шараға университеттің құзіреттілік орталығының әдіскері Ермекбаева Лаура Джасузаковна, БББ оқытушылары

мен «Көркем еңбек және мектептегі дизайн» білім беру бағдарламасының 3–4 курс студенттері белсенді қатысты.

Сабақ барысында суретші түрлі түсті графика техникасының шығу тарихына тоқталып, оның көркем өнердегі маңызын жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар графикалық қағаз, қылқалам, тушь, акварель секілді материалдармен жұмыс істеу тәсілдері көрсетілді. Түстерді қабаттап жағу, үйлестіру, жарық пен көлеңкені дәл беру, композициялық тепе-теңдікті сақтау сияқты негізгі қағидалар тәжірибе арқылы меңгерілді.

Аудиториядағы практикалық бөлім ерекше қызыққа толы өтті. Студенттер суретшінің шығармашылық туындыларының карандашпен орындалған нұсқаларынан таңдап алып, сол жұмыстарды өз қиялы мен көркемдік көзқарасына сай түрлі түстермен бояп, шығармашылық еркіндік танытты. Әрбір жұмыс жеке талданып, суретші тарапынан кәсіби кеңестер берілді. Бұл студенттердің өз қателіктерін көріп, шығармашылық ізденістерін жетілдіруіне жол ашты. Алғашында қиналған студенттер де тәжірибелік бағыттағы нұсқаулардың арқасында нақты нәтижеге қол жеткізді.

Шеберлік сағаты барысында оқытушылар да белсенділік танытып, шығармашылық жұмыстар орындады. Бұл олардың кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, сабақ барысында қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруіне мүмкіндік берді.

Осындай шығармашылық орта оқытушылар мен студенттер арасындағы кәсіби байланысты нығайта түсті. Аталған шара студенттердің түрлі түсті графика техникасын терең түсінуіне, өз бетінше көркем туындылар жасау дағдыларын қалыптастыруына зор ықпал етті. Мұндай шығармашылық кездесулер болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Сабақ соңында университет басшылығы атынан құзіреттілік орталығының әдіскері Ермекбаев Лаура Бекжан Ахмедоллаұлына білім алушыларға көрсеткен қолдауы мен шеберлік сабағын өткізуге келісім бергені үшін алғысын білдірді.

**Аружан ЖЕКСЕНОВА,**  
ХТИДШ-41 студенті



Сабақ барысында дәріс-дискуссия, интерактивті әдістер және ChatGPT, Google Gemini, Canva AI, Anatomy Learning сынды «Жасанды Интеллект» платформалары қолданылды.

Сабақтың басты мақсаты:

Студенттерге сезім мүшелері туралы ілім – эстеziологияның мәнін түсіндіріп, рецепторлардың түрлері мен тері, көру, есту, иіс, дәм және тепе-теңдік анализаторларының құрылысы мен қызметі туралы толық білім қалыптастыру; сезім мүшелерінің саулығын сақтауға, жеке гигиенаға мән беруге тәрбиелеу; талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын дамытып, ғылыми терминологияны дұрыс қолдануға үйрету.

Сабақ барысы:

Сабақ жылы амандасудан басталып, оқытушы студенттерді бүгінгі жаңа тақырыппен — сезім мүшелері және эстеziология ғылымымен таныстырды. Альбина Нұрланқызы кіріспеде сезім мүшелерінің адам ағзасындағы маңызын атап өтіп, анализаторлардың үш бөліктен тұратынын: рецепторлық, өткізгіш және орталық бөлімдерін түсіндіріп өтті. Сабақ басында оқытушы пікірталас тудыратын сұрақтар қойып, студенттердің қызығушылығын арттырды.

Сабақтың негізгі бөлімінде оқытушы рецепторлардың түрлеріне жеке тоқталып, механорецепторлар, терморецепторлар, ноцирецепторлар, хеморецепторлар және фоторецепторлардың қызметін түсіндірді. Әр рецептордың адам өміріндегі рөлі мысалдар арқылы көрсетіліп, студенттерден осы рецепторлардың қайсысы жиі белсенді болатыны туралы ой бөлісу сұралды. Студенттер жауап беріп, күнделікті өмірдегі сезімдік тәжірибелерін мысалға келтірді.

## Пайдалы ашық сабақ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Жаратылыстану-география факультетінде биология, география және химия мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасының оқытушысы Сейтқазы Альбина Нұрланқызы «Адам және жануарлар анатомиясы мен физиологиясы» пәнінен «Сезім мүшелері туралы ілім (Эстеziология), рецепторлардың түрлері. Тері талдағышы. Көру мүшесі. Есту мүшесі. Гравитация және тепе-теңдік мүшелері. Дәм сезу мүшесі. Иіс сезу мүшесі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақ Жаратылыстану-география факультетінің БГ-31 тобында өтті.

Келесі кезеңде тері талдағышының құрылысы мен қызметі жан-жақты талданды. Теріде орналасқан рецепторлардың орналасуы, түйсік түрлері және ауырсыну сезімінің пайда болу механизмі түсіндірілді. Студенттерге «неліктен дененің әр бөлігінде сезімталдық әртүрлі?» деген интерактивті сұрақ қойылып, аудитория ойлануға ынталандырылды.

Сабақтың жалғасында көру мүшесінің (көздің) құрылысы мен тор қабықтағы таяқша және сауытша жасушаларының рөлі қарастырылды. БГ-31 топтарының студенттері көз құрылысын интерактивті 3D модель арқылы көрсетіп, фоторецепторлардың жарықты қабылдау ерекшелігін қысқаша баяндады. Студенттердің бірі жарықтың көзге түсу жолын тақтада сызба арқылы түсіндіріп берді.

Есту мүшесі туралы бөлімде құлақтың сыртқы, ортаңғы және ішкі бөліктерінің қызметі түсіндірілді. «Дыбыс қалай пайда болады?» деген сұрақ төңірегінде шағын пікірталас ұйымдастырылды. Кейбір студенттер ортаңғы құлақтағы сүйекшелердің (балғашық, төсше, үзеңгі) дыбысты күшейтудегі рөлін өз сөздерімен түсіндіріп берді. Сабақтың келесі кезеңінде тепе-теңдік мүшелері мен гравитацияның ағзаға әсері түсіндірілді.

Келесі кезеңде студенттер 3 топқа бөлініп, әр топ өзіне берілген тақырып бойынша талқылау жүргізді:

- 1-топ — Көру талдағышы,
- 2-топ — Есту және тепе-теңдік талдағыштары,
- 3-топ — Дәм және иіс талдағыштары.

1-топ жұмысы:

Көру мүшесінің құрылымы мен қызметіне арналған презентациясын қорғап шықты. Бұдан кейін олар көздің шеткі көру аймағын Фостер периметрі арқылы қалай өлшейтінін іс жүзінде көрсетіп, студенттерге көру өрісінің нормаларын түсіндірді. Сондай-ақ Сивцева кестесі арқылы көздің көру өткірлігін анықтау әдісін демонстрация жасап көрсетті. Аудитория қызығушылықпен бақылап, кейбір студенттер тәжірибеге қатысып көрді.

2-топ жұмысы:

Есту және тепе-теңдік талдағыштарының қызметін түсіндірген презентация ұсынды. Олар құлақтың сыртқы, ортаңғы және ішкі құрылымдарын, дыбыстың пайда болу жолын, жартылай шеңберлі өзектер мен отолиттік аппараттың тепе-теңдікті сақтаудағы рөлін нақты мысалдармен көрсетті. «Неліктен айналғанда бас айналады?» деген сұрақ

төңірегінде шағын талқылау ұйымдастырылып, студенттер өз ойларын айтты.

3-топ жұмысы:

Бұл топ дәм және иіс сезу талдағыштарына арналған мазмұнды презентация жасады. Презентациядан кейін олар тәжірибе жасап, суға лимон тамшыларын қосу арқылы қышқыл дәмнің қалай сезілетінін көрсетіп, дәм рецепторларының химиялық тітіркендіргіштерге реакциясын түсіндіріп өтті. Тәжірибе студенттерге өте қызықты болып, олар қышқыл дәмді сезу жылдамдығын салыстырып көрді.

Топтық жұмыстардан кейін әр топ өз қорытындыларымен бөлісіп, сезім мүшелерінің адамның күнделікті өміріндегі маңызын түсіндірді.

Жасанды интеллект демонстрациясы:

Бұл бөлім сабақтың ең қызықты сәттерінің бірі болды! Осы кезеңде студенттер Anatomy Learning атты оқу бағдарламасы арқылы әр талдағыштың 3D моделін интерактивті түрде бақылап, көз, құлақ, тіл, мұрын, тері рецепторларының құрылымдарын көлемді түрде көріп, олардың орналасуын нақты түсініп шықты. Бағдарламада:

- көздің – қасаң қабық, нұрлы қабық, тор қабық, көру жүйкесі, бұлшықеттері;
- құлақтың – сыртқы, ортаңғы және ішкі бөліктері, жартылай шеңберлі өзектер;
- тілдің – дәм бүрткітері мен рецепторлары;
- мұрын қуысындағы иіс нейрондары;
- терідегі Мейснер, Паччини, Руффини денешіктері

көлемді түрде көрсетіліп, студенттер құрылымдардың орналасуын, байланысын және қызметін көзбен көріп, түсінулеріне мүмкіндік алды.

Эксперименттер мен презентациялардан кейін әр топ өз талдауын қорытындылап, сезім мүшелерінің адам өміріндегі маңызы — бағдарлау, тану, қауіптен сақтану, эмоция қалыптастыру, өлеуметтік қарым-қатынас сияқты қызметтерге әсерін түсіндірді.

Сабақ соңында оқытушы барлық ақпаратты жинақтап, сезім мүшелерінің бір-бірімен жүйелі байланыста жұмыс істейтінін, анализаторлардың қызметін түсіну болашақ мамандар үшін өте маңызды екенін атап өтті.

**Альбина СЕЙТҚАЗЫ,**  
Биология, география, химия мұғалімдерін  
даярлау БББ оқытушысы

Бұл мақалада жалпы орта білім беретін мектептерінің қазақ тілі (Т1,Т2)пәніндегі сипаттамалы фонетика саласының негізгі ұғымдары тіл дыбыстарының перцепциясы арқылы дыбыстық қабылдауды, коммуникацияға негіз болар маңызды артикуляциялық дағдыны қалыптастырудың, дамытудың когнитивті модельдері сөз болады. Когнитивті лингвистика мен психолингвистикалық зерттеулерге сүйене отырып, сөздің элементі ретінде танылған дыбыстар тіркесі яғни буынды оқытудың инновациялық әдістері ретінде аудиальды-визуальды модельдеу арқылы, таным әрекеті заңдылықтары негізінде тілдік білім яғни фрейм моделін қалыптастыру көзделеді. Тіл дыбыстары мен буын тақырыбын меңгертуде қолданылатын когнитивті карталар, психодыбыстық тренингтер, ойын технологиясының элементтері көрсетіледі. Сонымен қатар тіл дыбыстарын үйретудің когнитивтік ұстанымдары-саналы қабылдау, ассоциация, концептуальды байланыс негізінде әдістемелік жүйе құрудың тиімділігі, нәтижесі айтылады. Зерттеу нәтижесі тілдік фактілерді оқытудың дәстүрлі тәсілдерін заманауи когнитивті парадигмаға сәйкестендіріп жетілдіруге мүмкіндік береді.

Когнитивті лингвистика-қазіргі тіл біліміндегі тілдік құбылыстарды,тілдік фактілерді адамның таным процесімен, әсіресе ойлау жүйесімен, қабылдау механизмдерімен байланыстыра зерттейтін жаңа бағыттың бірі болса, қазақ тілін оқыту әдістемесі-тілдік бірліктерді, тілдік фактілерді меңгертудің ғылыми негіздерін, оны оқытудың әдістері мен тәсілдерін, тиімді амалдарын қарастыратын педагогиканың жекеленген пән әдістемесі. Заманауи педагогика белгіленгендей оқушы-оқу іс-әрекетінің өн бойында ақиқатты іздеуші субъект бола отырып, білім беру ісінде әсіресе тілдік пәндерді когнитивті лингвистикалық категориялар мен адам санасының қызметін байланыстыра оқыту енді ғана зерттелініп, ғылыми негізі қалыптасып келе жатқан интеграциялық бағыт деуге болады. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныптарына тілді оқыту үдерісі тек механикалық түрде ереже жаттау, практикалық жаттығулар орындау арқылы емес, білім алушының таным процесін белсендендіру үшін мағынадан-формаға тәсілі, тілдік фактілерді санада модельдеу сияқты дидактикалық іс-әрекет оқу мақсатына сәйкес құрылса, тілдік сана қажетінше дамып, оқушы фонетикалық құбылыстарды саналы ұғына бастайды, кейін гуманитарлық пәндер аясында әсіресе мәнерлеп оқу кезінде орфоэпиялық дағдысы, грамматикалық сауаттылығы артады. Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны адамзат қасиеттерін қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Өрі бұл дамушы сала тіл білімінің танымдық бағыттары мен адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетеді. Сондықтан қазақ тілі пәнінің педагогтері тіл дыбыстарының акустикалық-артикуляциялық және перцепциясын танытудың жан-жақты жолдарын қарастыруы керек. Тәжірибеде дәстүрлі фонетиканың әдістемелері әлі күнге дейін қолданылып, дайын тіл дыбыстарының әліпби тізбегі ұсынылады. Баланың тілі шыққанда да жеке дыбысты дыбыстамайды, буынды немесе бүтін сөздердің айтылымын меңгере бастайды. Бірақ дыбыстарды жасаудағы актив мүшелердің негізіндегі бөлінісін дұрыс меңгере алмайды. Бұл оқытудағы «дыбыстардан буын, буындардан сөз құралады» деген ережені жаттатудың нәтижесі. Өр дыбысты жалаң ұғындыру оқыту процесінде нәтижелі болғанмен, уақыт алады. Сондықтан өтіліп жатқан лексикалық тақырыпқа сәйкес тірек сөздер құрамындағы дыбыстарды таныту нәтижелі іс-әрекет болады.

Когнитивті лингвистикадағы концепт ұғымы-дүниенің құндылықтарын танытады, санадағы дүниенің мәнін бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді, субъектінің білімі деңгейін танытады, білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі ретінде танылады. Концепт санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. Концептілік жүйе иерархиялы құрылымнан тұрады:

- 1) дүниенің қасиеті, белгілері;
- 2) когнитивтік модель;
- 3) концепт типтері;
- 4)дүниенің тілдік бейнесі.

Тіл дыбыстарын концептілік жүйе бойынша оқытудың интеграциялық жүйесін қалыптастыруға болады. Ол үшін педагог оқытылатын материалды сенсорлы перцептивті қабылдау деңгейлерін (сезімдік, қабылдау) ескеріп, оқушылардың сезім мүшелеріне әсер ететін тиімді амал-

үдерістері екі әрекетке негізделген деп есептейді. Қазақ сыныбында оқитын бала ана тілін сыртқы дүниені тану арқылы тілдік құзыреттілігін қалыптастырады. Ең бірінші ассимиляция-жағдайларды ескі сызбаларға икемдеу, аккомодация-адамның ескі әрекеттерді жаңа жағдайға икемдеуі. Осы екі үдеріс арасындағы тепе-теңдікті сақтауды Ж. Пиаже дамудың көзі деп есептейді. Яғни тәжірибе жинау, өзара әрекеттесу танымды дамытатын, тұлғаны дамытатын үдеріс болып саналады.

Оқушылардың фонетикалық талдауда жиі шатастыратын дыбыс түрі-дауыстылардың ашық және қысаң бөлінісі. Себебі кей дыбыстың жасалым, айтылым, естілімі ұқсас келеді. Өр оқушы иегінің астына алақанын қойып, дауыстыларды дыбыстап көреді. Иек қолды төмен итерсе, ашық дауысты жасалады, егер алақан сол қалпында қозғалмаса қысаң дауысты болатынын тәжірибе жасау арқылы байқатады. Бірыңғай ашық дауыстылардан құралған немесе бірыңғай қысаң дауыстылардан құралған сөздерді айттырып көреді. Араласа келген сөздер барын да ескертеді. Мәселен, тілек, қыран, ашық т. б. Қазіргі қазақ тілі фонетикасында ала-құла болып, дыбыстық жүйеде жартыкөш ереже болып жүрген, тіпті оларға жеке дауыстылардың қызметін жүктеп оқу-әдістеме мәселесін де күрделендіріп алдық. Мұғалім дәл осы тұста и, у фонемаларын бірде жіңішке, бірде жуан болатынын ине, иық, суық, жеделдету сөздерін тірек-сызба түрінде ұсынып, оқушыларды қатыстырып, буынға бөлгізу жұмысын жүргізіп қажет. Кейін мұғалім тақтаға қандай дыбыстар естілгені жөнінде сұрақтар қойып, тақтаға транскрипция жазыады.

Оқыту барысындағы іс-әрекет

Метакогнитивті стратегия:

- дауысты дыбыстарды оқытуды алдын ала жоспарлау;
- дауысты дыбыстың сөздің әуезділігін сақтайтын негізгі элемент екенін таныту;
- дауысты дыбыстардан білім қорын бағалау

Когнитивті стратегия:

- дауысты дыбыстарды есту, көру арқылы қабылдану;
- дауысты дыбыстар туралы тірек-сызбаны меңгерту;
- дауысты дыбыстарға эксперимент жасату;
- қайталау;
- дыбыстарды салыстыру.

Әлеуметтік стратегия:

- ынтымақтастық, ұжымдық оқыту технологиясы;
- оқушылардың бірлескен әрекеті;
- жұптық, топтық, жеке оқыту формалары.


1-кесте. Дауысты дыбыстарды когнитивті тұрғыдан оқытудағы стратегиялар

5-сынып оқушыларына дауыссыз дыбыстарды таныту нәтижелі болу үшін дауысты дыбыстармен салыстырыла оқытылады. Дауыссыздардың жасалуында дыбыстау мүшелерінің артикуляциясын білдіру керек. Осы орайда мұғалім кесте немесе тірек-сызба түрінде дауыссыздардың бөлінуі туралы ақпарат береді. Жұп-жұпқа ұяң мен қатаң дауыссыздарды арнайы кеспе қағазда таратып, дыбысталу ерекшелігіне тәжірибе жасатады. Өр жұптағы оқушылар тамағын оң қолымен ұстап тұрып дыбыстарды дыбыстайды. Егер тамақта діріл пайда болса, ұяң, дірілдемесе қатаң дауыссыз болатынына көздерін жеткізеді. Үнді дауыссыздарды оқытуда салыстыру тәсілі ұтымды. Үнділерді мұрын жолды, ауыз жолды дыбыстатындығы салыстырмалы эксперимент жасату арқылы ғана анықталады. Кейін сабақ кезеңдерінде когнитивті-ассоциативті модельдерді қолдануға да болады. Ол үшін оқушылардан өр дауыссыздар бойынша ішкі ассоциация жасату керек. Мәселен «Р» - «ит», «С» - «жылан», «ж» - «жеті» . Қатаң және ұяң дауыссыздарды оңай меңгертуде прототиптік немесе ұқсастық моделі тәсілі де күрделі, қатпарлы ақпаратты қарапайым эталон арқылы түсіндіреді. Мысалы п, к, т қатаңдарының прототипін анықтатады.

Дыбыстар тіркесіп келіп суперсегментті бірлікті құрайды. Сөздің құрамында екі дауысты болып, екі буынды сөздегі дауыстылардың ыңғайына топтасып, бір ырғақта бөлшектеніп

## ТІЛ ДЫБЫСТАРЫ МЕН БУЫНДЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ КОГНИТИВТІ МОДЕЛЬДЕР МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМДАР

тәсілдерді жүйелеп алғаны жөн. Кейін интеграциялық оқытуға негізделген, оқытудағы маңызды жалпыдидактикалық ұстанымның бірі ретінде «санаға негізделген оқыту» қағидасын басшылыққа ала отырып, дыбыстарды оқытуға даярлық кезеңінде лексикалық тақырыпқа лайықтап, ұғымдық мәні бар тірек сөз арқылы оқушылардың бұрынғы білімі мен жаңа білімді ұштастыру мақсатында когнитивті модельдің негізгі тәсілі-ассоциация әдісін қолданған тиімді. Себебі бұл әдіс оқылатын материалды тез түсінуге, логикалық ойлауға көмектеседі. Қазақ тіл дыбыстары 5-сыныптың 1-тоқсанындағы «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» бөлімі аясында оқытылады. Осы орайда сабақты «тіл» сөзіне ассоциациялық байланыс жасаудан бастау жандандырады. Барлық себеп-салдарлық, іргелестік, ұқсастық ассоциациялары анықталған соң анықталған сөздердегі дауыстыларды жуан-жіңішкелігін кестеге топтап жазуға болады. Ол үшін дыбыстың жуан-жіңішкелігін байқату үшін сыныптық эксперимент жасатуы қажет. Жуан сөздердегі дыбыс акустикасы тілдің кейін кетуі арқылы, ал жіңішке дыбыс акустикасы тілдің ілгері, алға жылжи жасалатынын байқатады. Хакім Абай: «Әуелі-пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды, сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып, іздейді екен-дағы, күнде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен»-деп он сегізінші қара сөзінде пән мұғаліміне оқушылардың белсенділігін арттырып, қызығушылығын ояту мен мағынаны танудың педагогикалық жолын айтқанын мұғдарлауға болады.



1-сурет

Содан кейін оқушылар тұтас сөзден дауысты дыбыстарды бөліп алып, мұғалім тақтаға жазады да, а-ә, ы-і, ұ-ү дыбыстарын салыстыртады. Келесі сабақта еріндік және езулік дауыстыларды оқыту процесінде концепт типтерінің бірі-схеманы «көрнекілік» есебінде пайдалану тақырыпты түсінуді оңайлатады. Сызбаны пайдаланып, терминдердің ішкі мағынасына назар аудартады. Яғни еріндік-ерін арқылы, езулік дауыстының жасалуына езу мүшесі қатысатындығын жан жақты түсіндіргені жөн. Тақтадан еріндік дауыстылар мен езулік дауыстылар қатысқан сөздер тобы танымдық тақырыпқа сәйкес алынып, сөзді тәжірибе жасау арқылы байқатады. Кейін әр дыбыстың перцепциясы яғни естілу тұрғысынан сипаттама беріліп отыруын қадағалайды. Мұғалім еріндік-езулік дауыстыларды танытуда «Айна» ойынын, «Сөз жалғастыру», «Дыбысты тап» атты ойын технологиясының стратегияларын қолдану арқылы дыбысты дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс түсінуге, дұрыс айтуға дағдыландырады. Еріндік дауыстылар қазіргі қазақ емлесінде тек бас буында ғана жазылады және солай айтылады. Бірақ оқушыларға қырғыз тіліндегі сөздердің орфоэпия-орфография қатынасынан азды-көпті танымды ақпарат беру де артық етпейді. Кейін білім берудің 4К моделін құрайтын арнайы дағдыға (кооперация, коммуникация) негізделген имитациялық жаттығу яғни «қазақ-қырғыз досы болып, шағын диалог құрыңдар» деген бағытта тілдесім тапсырмасын ұсынуға болады. Ж. Пиаже адамның когнитивті механизмдері /таным

орфоэпиялануы-буын деп аталады. Кей мектеп оқулықтарының тақырыптық мазмұнында буын тақырыбы көрсетілмеген. Алайда мұғалім буынның тасымалдауға, үндестік заңына қатыстылығын әңгімелеу қажет. Тіпті анықтамасын берерде де ғылыми дәлдікті нақты беруі қажет. Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде тақтаға дыбысы жоғалған сөздерді жазып, қажетті ерпін жазуды сұраудан бастаймыз. Ащы, тұщы, қою, жиын сөздерін де жазуға болады. Кейін «шапалақтау» тәсілі арқылы буынға бөліп, дауыссыздардың дауыстылардың маңайына шоғырланатыны дәлелденеді. Осы тақырыпты мұғалім ертегі түрінде әңгімелеп, сабақты бастап жіберуіне болады. Мысалы, бұрын-бұрын заманда дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар деген ағайын болыпты. Олардың татулығы сондай, бір-бірінен ажырамапты. Бірақ кей дыбыстардың тыңдамайтын, айтқанға көнбейтін балалары болыпты. (щ, и, у, ю, я) деген бағытта ұйымдастырылуы керек. Буынның түрлерін меңгертудің көрнекі-бейнелі түрі-формула арқылы меңгерту.

Буын түрі	Формуласы
Ашық	А, ВА
Тұйық	АВ
Бітеу	ВАВ

2-кесте. Буын түрлерін меңгертудің математикалық формуласы

Кейін түрлі когнитивті модельдер арқылы дыбыстық талдау жасатуға әбден болады. Мысалы графикалық модель арқылы бір сөзді буынға бөліп, буынның құрылымын формула негізінде көрсету тапсырмасын, Блумның танымдық деңгейлеріне құрылған ойлау дағдысын белсендендіру мақсатындағы тапсырмалар жүйесі берілсе, «Шыбын ұру», «Жартысын тап» т. б. лингвистикалық-дидактикалық ойындар жүргізілсе, көзделген оқу мақсатына жетіп, білім алушыға қажетті білік, дағды беруге болады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектепте қазақ тілі дыбыстарын оқытуды туған тілді меңгеруші оқушылардай саналылық болмайды. Үйрететін дыбысты жаңа сөздің құрамында, кейін мәнмәтін аясында қолданғанда саналы түсіну үшін сезім мүшелеріне әсер ететін, қабылдауына жақын, яғни оқушы танымдағы категорияға категорияға үдерістері бөлсенді жүруі үшін қазақтың төл дыбысы қатысқан заттарды тұтас күйінде көрсету керек. Мемлекеттік тілде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі дыбыстарын оқытуда басшылыққа алынатын ұстанымдар:

- Дыбыстардың қолданылу жиілігі;
- Төл дыбысы бар сөздерді көбірек ұсыну;
- Сөз ішінде оқыту;
- Коммуникативтік.

Прототипті дыбыстарды әсіресе а мен ә сөзі қатысқан сөздерді тақтаға жазып, а дыбысы естілсе, бір шапалақ, ә дыбысы естілсе, екі шапалақ ұру тапсырмасын беруге болады. Еріндік дауыстыларды дұрыс айтқызып үйрету жұмыстары да жүргізуі қажет.

Қазақ тіліндегі дыбыстарды оқытуда когнитивті модельдерді қолданудың бірнеше қағидатын елеп-ескеру керек:

- тіл дыбыстарын меңгеру оқушылардың таным белсенділігіне, коммуникативтік мотивациясына негізделуі тиіс;
- тіл дыбыстарын меңгеру қажетті фонетикалық дағды ретінде қарастырылып, буынның, сөздің негізгі элементі екенін басшылыққа алу;
- оқыту жүйесіне енгізілген жаттығулар легі таным үдерістерінің дамуына, орфографиялық, орфоэпиялық әрекеттерге бастайтын негізгі баспалдақ болуы керек;
- тіл дыбыстары мен буынды оқыту оқушылардың ойлау, қабылдау сияқты когнитивті процестеріне негізделуі тиіс.

Қазақстан – жас мемлекет. Тәуелсіздік алған жылдардан бері ел болашағын айқындайтын басты стратегиялық ресурс ретінде жастарға ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалар, білім мен ғылымды дамытуға бағытталған реформалар, жастар саясаты – соның айқын дәлелі. Бұл – жастарға артылған сенім мен жауапкершіліктің көрінісі. Өйткені ертеңгі Қазақстанды құратын да, оның әлемдік аренадағы орнын айқындайтын да бүгінгі жас ұрпақ. Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Олар жаңа идеялар ұсынады, заманауи технологияларды тез меңгереді, инновациялық ойлауға бейім келеді. Бүгінгі таңда цифрландыру, жасанды интеллект, жасыл экономика, креативті индустрия секілді салаларда табысқа жету үшін дәл осы жастардың әлеуеті қажет. Ақпараттық технологияны еркін меңгерген, бірнеше тіл білетін, әлемдік үрдістерден хабардар жас буын ғана елді жаңа даму деңгейіне көтере алады. Болашақтың іргетасы ең алдымен біліммен қаланады. Сондықтан жастар үшін білім алу – басты міндет. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай мақтанба» деп, білім мен еңбекті өмірдің негізгі тірегі ретінде көрсеткен. Қазіргі жастар осы есиетті терең түсінуі тиіс. Тек диплом алу емес, сапалы білімге ұмтылу, өз саласының кәсіби маманы болу – уақыт талабы. Білімді ұрпақ қана елдің экономикалық, саяси, мәдени дамуына нақты үлес қоса алады. Жастардың болашағы мен ел болашағы – өзара тығыз байланысты ұғымдар. Егер жас ұрпақ саналы, тәрбиелі, отансүйгіш болса, мемлекеттің де келешегі жарқын болмақ. Сондықтан жастар тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Ана тіліне, салт-дәстүрге, тарихқа құрмет – тұлғаның рухани өзегін қалыптастырады. Жаһандану заманында ұлттық болмысты сақтай отырып, әлемдік өркениетке

## БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Қай кезеңде болмасын қоғамның дамуы мен өркендеуінде жастардың орны айрықша. Өйткені жастар – жаңашылдыққа ұмтылатын, өзгерістерге бейім, елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын негізгі әлеуметтік күш. «Болашақ – жастардың қолында» деген тұжырым – жай ғана ұран емес, тарихи заңдылыққа, өмір шындығына негізделген ақиқат. Қазіргі жаһандану дәуірінде бұл сөздің мәні тіпті тереңдей түсті. Себебі бүгінгі әлемде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен білімді, бөлсенді, жауапкершілігі жоғары жастарына тікелей байланысты.



ұмтылу – жастардың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Қазіргі қоғамда жастардың әлеуметтік бөлсенділігі де артып келеді. Олар қоғамдық ұйымдарға мүше болып, еріктілік қозғалыстарға қатысып, экологиялық, әлеуметтік, мәдени бастамаларды жүзеге асыруда. Бұл – жастардың азаматтық жауапкершілігінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Елдің тағдырына бейжай қарамай, қоғам өміріне белсене араласатын жас – нағыз патриот. Мұндай жастар мемлекет дамуының берік тірегіне айналады. Еңбек – болашаққа бастар негізгі жол.

Жастар арасында еңбекке деген дұрыс көзқарас қалыптастыру – аса маңызды мәселе. Қандай мамандық болмасын, адал еңбекпен атқарылса ғана қоғамға пайда әкеледі. Қазіргі таңда кәсіпкерлікке, өндіріс саласына, ауыл шаруашылығына бет бұрып жатқан жастардың саны артуда. Бұл – қуантарлық жағдай. Себебі ел экономикасының дамуы нақты еңбекпен, маңдай термен тікелей байланысты. Сонымен қатар жастардың рухани және моральдық дамуы да назардан тыс қалмауы тиіс. Материалдық құндылықтармен қатар адамгершілік, әділдік, жауапкершілік,

мейірімділік секілді қасиеттерді бойына сіңірген ұрпақ қана қоғамды алға бастырады. Жастардың теріс ағымдарға, зиянды әдеттерге бой алдырмауы үшін отбасы, мектеп, қоғам бірлесе әрекет етуі қажет. Тәрбиелі ұрпақ – тұрақты қоғамның кепілі. Болашақта ел тізгінін ұстайтын жастардың бойында көшбасшылық қасиеттер де болуы тиіс. Өз ойын ашық жеткізе алатын, шешім қабылдаудан қорықпайтын, жауапкершілікті сезінетін жас көшбасшылар – мемлекеттің стратегиялық дамуына ықпал ететін тұлғалар. Бүгінгі студент, бүгінгі оқушы – ертеңгі министр, ғалым, дәрігер, ұстаз, инженер. Сондықтан әр жас өз болашағына немқұрайлы қарамай, үлкен мақсаттар қоя білуі қажет. Қазақстан жастарының алдында үлкен мүмкіндіктер ашық. Шетелде білім алу, халықаралық жобаларға қатысу, заманауи кәсіптерді меңгеру – мұның барлығы жастардың дамуына жағдай жасайды. Алайда мүмкіндікті дұрыс пайдалану – әр адамның өз қолында. Ең бастысы – мақсат пен табандылық. Мақсатсыз адам – бағытсыз кеме секілді. Ал мақсаты айқын, еңбегі жүйелі жас кез келген биікті бағындыра алады. Қорытындылай келе, «Болашақ – жастардың қолында» деген сөз терең жауапкершілікті талап етеді. Бұл – жастарға артылған сенім ғана емес, үлкен міндет. Елдің ертеңі үшін әр жас өз орнын, өз рөлін түсініп, қоғамға пайда әкелуге ұмтылуы тиіс. Білімді, еңбекқор, отансүйгіш, рухани бай жастар барда Қазақстанның болашағы жарқын, келешегі кемел болары сөзсіз.

Аяжан АБУХАН,  
ҚТӘ-31 студенті, Қазақстан Республикасы  
Президенті атындағы шәкіртақы иегері

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ФАКТОРЫ



«Күншуақ» теле-бағдарламасының эфирінде жасанды интеллекті білім беру үдерісіне енгізу, білім алушылардың цифрлық құзыреттерін дамыту және студенттік бастамаларды қолдау мәселелеріне арналған сұхбат өтті. Талқылауға физика-математика факультетінің оқытушылары Рамазанова Л.Е., Мендыханов Ч.Е. және Информатика және робототехника білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Даупаев А.М. қатысып, заманауи технологияларды оқу, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметке ықпалдастырудың практикалық тәжірибесімен бөлісті.

Сұхбатта университетте жүзеге асырылып жатқан цифрлық трансформация аясындағы іс-шараларға ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, студенттерді, оқытушыларды, жалпы білім беретін

мектептердің мұғалімдерін және IT-мамандарды біріктірген AI-Week жасанды интеллект апталығы таныстырылды. Аталған іс-шара шеңберінде педагогтерге арналған заманауи AI-құралдарын меңгеруге бағытталған оқыту семинарлары, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы өзекті мәселелерге арналған қолданбалы шешімдер әзірлеген студенттік хакатондар ұйымдастырылды.

Сұхбат аясында студенттердің жобалық және кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі де ұсынылды. Физика-математика факультетінің «Информатика және робототехника» білім беру бағдарламасы бойынша үшінші курс студенті Алишер Даупаев студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, стартап байқауларына және инкубациялық бағдарламаларға

қатысу жолы туралы баяндады. Осы қызметтің нәтижесінде студенттерді, оқытушыларды, ғылыми сарапшыларды және бизнес-қоғамдастық өкілдерін біріктіруге бағытталған Jective KZ цифрлық платформасы әзірленді. Платформа студенттік және жастар жобаларын қолдауға, дамытуға және коммерцияландыруға, сондай-ақ орнықты университеттік стартап-экожүйені қалыптастыруға бағытталған.

Талқылаудың жеке тақырыбы ретінде студенттер арасында жасанды интеллект пен кәсіпкерлік құзыреттерді дамытуға бағытталған AI-Sana мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы қарастырылды. Бағдарлама аясында білім алушылар жетекші ұлттық және халықаралық білім беру платформаларында курстардан өтіп, жасанды интеллекттің

негізгі қағидаттарымен қатар оны қолданудың практикалық аспектілерін меңгереді. Бағдарламаның іске асырылуы цифрлық сауаттылық деңгейін арттыруға, қолданбалы дағдыларды қалыптастыруға және инновациялық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Сұхбат барысында оқу үдерісінде жасанды интеллекті пайдалану мәселелері де қозғалды. Университет цифрлық ассистенттерді, аналитикалық және генеративті AI-құралдарын, сондай-ақ білім беру және әкімшілік үдерістерді автоматтандыру жүйелерін белсенді қолдануда. Сонымен қатар академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және технологияларды жауапкершілікпен пайдалану қажеттілігі атап өтілді. Жасанды интеллект оқытудың тиімділігін арттыратын және білім беру нәтижелерінің сапасын жақсартатын көмекші құрал ретінде қарастырылады.

Хакатондардың тиімді білім беру форматы ретіндегі рөліне де айрықша мән берілді. Бұл формат студенттердің сыни ойлауын, креативтілігін және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді, аталған дағдылар заманауи маман үшін негізгі құзыреттер болып табылады. Жобалық қызметке қатысу білім алушыларға теориялық білімді практикада қолдануға және ұжымдық жұмыс жағдайында кәсіби қызметке дайындықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сұхбат соңында қатысушылар жасанды интеллекті саналы әрі кәсіби тұрғыда пайдалану білім беру, ғылым және кәсіпкерлік салаларын дамытудың кең мүмкіндіктерін ашатынын атап өтті. Жасанды интеллект қауіп емес, керісінше адамның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін күшейтетін құрал болып табылады. Университеттің жасанды интеллект саласындағы бастамалары цифрлық трансформация және қоғамның орнықты дамуы жағдайында еңбек етуге дайын, бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыруға бағытталған.

Алишер ДАУПАЕВ,  
ИР-31-1 студенті

Ертіс (Павлодар) пен Жайыққа, Алатау мен Алтайға бармаған адам қазақ жерін көрдім деп айта алмайды дегенді бір жерде естігенім бар еді. Алтайда болған жоқпын, жас келген сайын уақытқа тәуелді бола бересің, оны болашаққа тапсырдым... Қадам басқан әрбір жолдың тарихы бар. Абай атамыз айтқандай «Білгенге маржан, білмеске арзан». Қазақстан табиғатының өзім көрмеген жерлерін оқушыларым мен студенттеріме қанша жыл патриоттық сезіммен бар махаббатыммен теория жүзінде оқытсам да, сол жерлерде болып, ауасын жұтып, табиғатына тамсанғандағы сезім мүлдем басқа! Табиғаттың әр бөлшегінің өзіне тән ерекшелігі мен заңдылығы болады. Жақында Ертіс - Баян өңірі - Керекуде болдым. Әсіре сілтеп жіберіпті деменіз, бұл жерге барған бақыт, бармаған арман. Сарыарқаның інжу - маржаны Баянға келіп кеткен адам бойға қуат, ойға азық алып кететінін тек көзбен көріп емес, жан - тәніммен сезіндім. Бұрын тек шетелдік сапарларым туралы жазып жүргем, міне Ертіс - Баян өңірі қолыма қалам алғызды. Мені Керекуге әкелген Павлодар қаласынан бар болғаны он шақырым жерде Мойылды ауылында орналасқан «Мойылды» шипажайы. Мен еліміздің біраз шипажайларында болдым (Ақтауда «Шипагер», Таразда «Самал», Қостанайда «Жайлау» т.б.) бәрінен де қатты ұнағаны осы «Мойылды» болды. Мойылды көлінің суы (рапа) мен қара балшығының емдік қасиетін адамдар сонау 1912 жылдан бері қолданып келеді екен. Ұлы Отан соғысы кезінде жаралыларды тез емдеп жазуға кеңінен пайдаланылған. Шипажайда сол кезеңдерді бейнелейтін стендалар бар. Бүгінде Мойылдыға алыс, жақын шетелдерден де келіп демалып жатқандар бар. Олар да дән риза. Қазір барлық шипажайларға ортақ емшаралар белгілі ғой. Мойылдының тек РАПА деген ваннасын алғанның өзінде бойыңызда жиналып жүрген ондаған кінәраттан бірден жеңілдеп қаласыз. Қазағым айтатын «сәтін саласа» мүлдем айығып кетуіңіз де ғажай

бар, оны өз қалауыңыз білсін. Тамақтары қандай талапқа да сай. Басқа шипажайлардағыдай олардың бергенін ішіп қана отырмайсың, қалаған асыңды ішуге мүмкіндік бар. Іште де, сыртта да тазалық өте жоғары деңгейде. Шипажайдың кітапханасы да бай. Маған оның тек демалыс күні істемейтіндігі көңілімнен шықпады. Демалушыларға арналған мәдени шаралар басқа шипажайлардағыдай дискотекасын айтпағанда, есте қаларлықтай бірегей шаралар да жиі өткізіледі. Мысалға жергілікті және шетелдік ақындармен өткен «Поэзия кешін» атауға болады. «Ел іші - өнер көніші» деп тегін айтпамаған ғой, Баянауылдан шыққан өнер руханиятының ақындығында жүрген жас жаңа есімдермен таныстық. Әр түрлі концерттер күнде болып жатады. Сембі, жексенбі күндері үнемі бірнеше бағыттарға ақылы танымдық экскурсиялар ұйымдастырылады. Соның ішінде өзім таңдаған экскурсиям Мойылды - Баянауыл бағыты болды. Бұл Павлодардан 230 шақырым жер. Біз таңғы сағат алтыда кетіп, кешкі сегізде келдік. Жолдың алыстығынан қорқа соққанымды ол жерді көруге деген құштарлығым жеңіп, тәуекел етіп едім. Жолдың жақсылығынан қатты шаршамадық. Бұл жаққа жол түсіп жатса міндетті түрде барыңыздар. Курортты демалыс орындары көп екен, табиғатына қарағанда туристерге тартымды жер. Мен оларға барып демалыңыздар деп айта алмаймын, өйткені ондағы демалыс орындарында өзім болғаным жоқ. Біздің елдегі туристерге қызмет көрсету сервистері өздеріңізге белгілі ғой... Осы Мойылды - Баянауылға келе жатқанда жолда Майқайында кішкене аялдадық, сол жердегі дәретхананы көргендегі көңіліміздің түсіп кеткені жасырын емес. Жаратқан Қазақ еліне қандай тамаша табиғат сыйлаған. Табиғат сезім, табиғат төзім, табиғат емші тек соны дұрыс пайдалана бермейміз.

Баянауыл мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі Павлодар облысының Баянауыл ауданында 1985 жылы құрылған Қазақстандағы алғашқы Ұлттық парк. Баянауыл



## ЕРТІС - БАЯН ӨҢІРІНДЕ



емес. Рапа суын шипажай өзіне қарасты іргесіндегі көлден алады. Көл қыста түбіне дейін қатып қалатындықтан ол су тек көл мұздан түгел арылған уақытта қолданылады. Көл жанындағы қара балшықтың емдік қасиеті де ерекше. Қыс айларында шипажайда ваннаға сол жердің өзінің минералды суын пайдаланатын көрінеді. Сол минералды су шипажай ішіне келіп тұр. Оны кез келген уақытта адамдарға белгілі бір мөлшерде ішуге рұқсат етілген. Адамдар оны ішіп те, ыдыспен алып кетіп те жатады. Мен дәмін татып та көрмегенімді мойындаймын (неге екенін өзім де білмеймін). Осы жерде Оралдың «Ақжайық» шипажайындағы минералды суды да ішпейтінім ойыма келді. Мойылдыда бір уақытта 600 ден астам адам демалып жатса да емшара алу үшін ешқандай кезек күтіп отыру деген жоқ. Шипажай демалушыларға 17 түрлі емшара ұсынады екен, демалушылар дәрігерлермен кеңсе отырып, әркім өзіне қажетін алады. Сауықтыру физкультурасы да басқа шипажайдағылардай тек бір белгіленген уақытта емес, күні бой сағат сайын болып жатады, әр адам өзінің қалаған уақытында қатынасады. Ақылы да бірнеше түрлі емшаралар

Қазақстандағы он негізгі туристік бағыттардың бірі. Ертіс - Баян өңірі тарихи орындарымен қатар көптеген дара тұлғалардың отаны: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шәкен Айманов, Кәукен Кенжетәев... Біздің экскурсия жоспарымыз Баянауыл, Торайғыр ауылдарында болып ондағы Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев музейлерін көріп, Кемпіртас, Серкетас, Найзатастарды тамашалап, Торайғыр, Жасыбай, Сабындыкөлде болу. Торайғыр - тамаша табиғаттың ортасында тұрған кіп - кішкене әдемі ауыл. Сұлтанмахмұт музейі шағын екі қабатты үйде жақсы жасақталған. Өмірден өте ерте кеткен (27 жаста) сол аз ғұмырының өзінде «Қараңғы қазақ төріне өрмелеп шығып Күн болам, Күн болмасам кім болам» деп армандап жырлап кеткен. Өттең бір кем дүние... Биыл Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 100 жылдығын бүкіл Қазақстан Республикасы тойлағалы жатыр. Торайғыров ауылы іргесінде қысы жазы таудан ағып жататын, суы салқын, мөлдір Әулие бұлақтың емдік қасиеті бар. Қайтарда алдына ала алып шыққан ыдыстарымызға су толтырып алдық. Бұл жерге шетелдік туристер де көп келетін көрінеді. Торайғыр көлі құзды шыңның етегінде орналасқан.

Суретте мен Торайғыр көлінде тұрмын. Менің арқа жағымдағы құз жартастың да өз тарихы бар. Ол «Сәкен жар» деп аталады. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тағақ кешу» романында жазушы азап вагонынан қашып, нағашы жұртын паналап осы жартаста тығылғандығы айтылады. Торайғыр мен Жасыбай көлдерінің аралығындағы «Кемпіртас» туралы аңыздардың бірнеше нұсқасы бар екен. Соның бірінде жалғыз ұлы соғысқа кеткен кемпір ұлын зарыға күтіп ақыры тасқа айналған делінген. Жергілікті тұрғындар бұрын тас мүсінде тіл болғанын, оны тың игеру жылдарында вандалдар әдейі тракторға шынжыр байлап жұлып алғанын айтады.

Экскурсияны ұйымдастырушылар Қазақстан жалауын алып шығыпты. Өзіміз елде жүрміз ол не керек дегендер болды. Менің ойымша Баянауылда жалауды көтеріп түскен суретті алыс - жақын шетелдердегі туысқан, дос - жарандарға жіберіп, «біздерде мынандай бар, мынандай бар» деп көрсетуге тұрарлық. Жасыбай тектоникалық жолмен пайда болған ағынсыз тереңдігі он метрдей көл. Көлдің аты Жоңғарлармен соғыста ерлікпен қаза болған Жасыбай батырдың атымен аталған. Көл суы родонға бай, ол әр түрлі ауруларға шипа.

Көлге шомылушылар қатары өте көп, бізде оларға қосылып ыстық күнде біраз рехаттанып қалдық. «Айнадай қандай таза Жасыбай көлі, Көреді суына түскен өзін - өзі» деп ақындары тегін жырламаған. Ертіс - Баян өңірінде алдағы уақытта жасанды интеллект платформаларына енетін материалдар жеткілікті.

Баянауыл жанында теңіз деңгейінен үш жүз метрден астам биіктікте Сабындыкөл орналасқан. Осы жердің тумасы жоғарыда атаған академик Ә.Х. Марғұлан біздің заманымыздан 2000 жылдан астам бұрын шыққан «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын «Мәңгілік жыр» деп атаған. Осы жырдағы сұлу Баян суға шомылуға келгенде сабынын суға түсіріп алған. Көлдің суы жібектей жұмсақ халық оны

Сабындыкөл деп атаған. Көл маңында демалыс орындары көп. Жалпы экскурсия «Мойылды» шипажайының демалушылары үшін жақсы ұйымдастырылған. Таңғы асымызды қонақжай Баянауылда әдемі киіз үйде ауылдың ыстық бауырсақ, қаймағымен іштік. Түсте ауыл кафесінде болдық. Павлодардан Баянауылға дейінгі 230 шақырым жолда кездескен барлық елді мекендердің аты қазақша. Шынымызды айтсақ мұны бұл облыстан күтпеген едік. Облыс аты Павлодар... Телевизорларында Қазақстандық каналдар бар. Ресей каналдары кең таралған, жаңалықтарын үздіксіз беріп жатады.

Шипажайдағы келесі Павлодар қаласымен таныстыратын экскурсияға қатыстым. Павлодар облыс орталығы 600 мыңдай халқы бар, өнеркәсіпті қала. Қаламен таныстықты 2001 жылы ашылған, екі қабатты сыйымдылығы 1500 адамға арналған Мәшһүр Жүсіп атындағы мешіттен бастап, ол жерде елдің амандығы, халқымыздың тыныштығы үшін зиярат еттік. Архитектурасы өте әдемі.

Шипажайда ұйымдастырлатын экскурсиялар тізімінде Павлодар қаласынан 200 шақырым жерде орналасқан Мәшһүр Жүсіп кесенесіне де саяхат бар. Екі апталық демалыста бұған бару мүмкін болмады. Павлодардағы Ертіс жағалауын теплоходпен жүзіп тамашаладық. Бұл жағалаудан мен басқа қалалардағы өзен жағаларынан асып бара жатқан еш ерекшелік көргенім жоқ. Павлодар қаласында елімізде бүгінде жұмыс істеп тұрған үш трамвай жүйесінің бірі (қалған екеуі Өскемен мен Теміртауда) 1965 жылы ашылғаннан бері жұмыс істеп тұр. Облыстағы төрт жоғары оқу орнының үшеуі осы Павлодар қаласында, біреуі Екібастұз қаласындағы академик Қ.И.Сәтбаев атындағы Екібастұз Инженерлік - Техникалық институты. Сонымен қатар еліміздегі басқа жоғары оқу орындарының филиалдары бар.

Ғабиден Мұстафин: «Білімім жеткен жерге дейін адалмын» деген екен. Мен көзім көріп, аяғым жеткен жер туралы жаздым. Денсаулығымызды түзеумен қатар, таным көкжиегін кеңейтіп, осындай экскурсиялар ұйымдастырған «Мойылды» шипажайының әкімшілігіне үлкен рахметімді айтамыз. Мен өзім бір барған жерге екі рет бармаймын деуші едім. Бірақ «Мойылды» бұл көзқарасымды өзгерткен сияқты. Саяхат сапарлар өз алдына, адам үшін сапалы ем алудың орны бөлек. «Мойылды» бұл талапқа сай. Арғы бағыт өзереңізге қалдырдым... 2025 жылғы Дүниежүзілік жағын туралы есепке (World Happiness Report) сәйкес Қазақстан Оңтүстік - Шығыс Азия елдері арасындағы ең бақытты үш елдің қатарына енген. Бұл тізімді келтіре кетейін артық болмас: 1.Тайвань, 2. Сингапур, 3. Қазақстан, 4. Вьетнам, 5.Тайланд, 6.Жапония, 7.Филиппин, 8.Оңтүстік Корея, 9.Малайзия, 10.Қытай. Наурыз айында ТМД ішінде Қазақстан ең бақытты ел ретінде танылған болатын. Мынау алмағайым заманда еліміз аман, жұртымыз тыныш Қазақ елінің бақыты мәңгілік болғай! Сапалы шипажайлар мен еліміздің көрікті жерлерінде кездесуді нәсіп етсін!

Сұлушап ҚҰЛМАЛИЕВА,  
Астана қаласы, зейнеткер ұстаз

# Менің мамандығым — менің болашағым

Адам өміріндегі ең жауапты әрі маңызды қадамдардың бірі – өз мамандығын таңдау. Себебі мамандық – тек кәсіп қана емес, ол адамның болашағын айқындайтын, өмірлік бағыты мен рухани әлемін танытатын маңызды таңдау. Менің саналы түрде таңдаған жолым – вокалдық өнер, соның ішінде академиялық вокал бағыты.

Академиялық вокал – классикалық өн айту дәстүріне негізделген, терең кәсіби дайындықты талап ететін өнер саласы. Бұл бағытта дауыс мүмкіндігін табиғи әрі сауатты дамыту, вокалдық техниканы жоғары деңгейде меңгеру басты орын алады. Әр дыбыс пен әрбір фраза нақты ережелерге сай орындалып, орындаушыдан үлкен жауапкершілік пен жоғары шеберлікті талап етеді.

Академиялық вокал маманы болу үшін дауыс аппаратын дұрыс пайдалану, диафрагмалық тынысты еркін меңгеру, артикуляция мен дикцияны жетілдіру аса маңызды. Сонымен қатар интонация тазалығы, дыбыс өсемдігі мен вокалдық диапазонды кеңейту – кәсіби өсудің негізгі өлшемдері. Бұл салада дауыс – тек табиғи қабілет емес, үздіксіз еңбек пен тынымсыз ізденістің нәтижесінде қалыптасатын құнды аспап.

Вокалдық өнер мамандығы опера, оратория, романс, классикалық ариялар сияқты күрделі әрі көркем жанрларды орындауға бағытталған. Оқу барысында студенттер вокалдық шеберлікпен қатар сольфеджио, музыка теориясы, сахналық мәдениет, ансамбльдік орындау және шетел тілдерін меңгереді. Мұның барлығы

болашақ академиялық вокалистің жан-жақты, кәсіби тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады.

Академиялық вокал – үлкен тәртіпті, табандылық пен шыдамдылықты талап ететін өнер. Күнделікті жаттығу, дауысты күту, техниканы үздіксіз жетілдіру – бұл жолды таңдаған жанның басты міндеті. Өйткені еңбек пен төзім бар жерде әрдайым нәтиже болады.

Мен бұл мамандықты жүрек қалауымен, саналы түрде таңдадым. Себебі академиялық вокал – тек өн айту ғана емес, ол классикалық мәдениетті, жоғары талғамды, сахналық жауапкершілік пен рухани тереңдікті білдіреді.

Болашақта алған білімім мен өнерімді одан әрі шыңдай отырып, қазақ вокалдық өнерінің дамуына өз үлесімді қосуды мақсат етемін. Осы жолда М. Ақмолла атындағы Башқұртстан мемлекеттік педагогикалық университетіне академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында барып, білімімді тереңдетіп, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болдым.

Студенттердің кәсіби дамуына жағдай жасап, білім мен өнер жолында қолдау көрсетіп отырған Махамбет бабамыздың атын жамылған қара шаңырағым зор алғысымды білдіремін. Арман жолын сүрінбей еңсеретін, өнер мен білімді серік еткен жастарымыз көп болсын!

**Жақсығали ӘДІЛҒАЛИ,**  
«Вокалдық өнер» мамандығының 2-курс студенті



## Бақыт деген не?

Өлемде қаншалықты адам болса, соншалықты пікір бар. Жалпы әр адам бақытты әртүрлі көзқараста түсінеді. Кейбіреулер үшін бақыттың құны байлықпен өлшенсе, басқалар үшін тыныштық және жақын жандардың жанында болумен бағаланады. Адамзат бақытты сырттан немесе болмашы, өткіні дүниеден емес, жанындағы адамдардың және өзінің ішкі жандүниесінен іздеуі қажет. Сол кезде ғана адам өмірінің, өзінің өмір сүрген кездерінің әр кезеңі нағыз бақыт деп нақты айтуға болады.

“Бақыт-басыңда, байлық-жасыңда” деп қазақ бекер айтпаған. Бақыт- ол сенің ақыл мен ой-санаң. Ой-санаң мен ішкі жан-дүниенің, жүрегің ұштасқан кезде, өзіңнің әр ісіне разы болған кезде, қолыңдағы барыңды бағалаған кезде міне сол нағыз бақыт бастауы емес пе?!

Бақытты есте қалардай сәттермен бағаласақ ол балалық шағың, мектеп қабырғасындағы өткізген уақытың, студенттік шағың, шабыттанып істеген жұмыс уақытың, отбасыңмен, жаныңа жақын жандармен бірге өткізген әр сәттің өзі үлкен бақыт.

Бақыт ешқашан дүниемен шектелмеген, өлшенбеген.

Қазақ халқы ежелден-ақ “Бақытты адам-барға қанағат, жоққа сабыр еткен” деген. Адамның өң-бойынан сабыр мен төзім, қанағатшылық табылған жағдайда, бақыттың мекені де сол адамның жанында деуге болады. Өз бақытыңды байқамай, өзгенің өміріне, бақытына қызығумен әлек болып, өз өміріңді, ой санаңды бүлдіріп алудан сақтану қажет.

Өрине, өмір қиындықсыз болмайды. Әр кезеңнің де әр істің де өзіндік қиындығы қатар жүреді. Бірақ бақытты қуып жету мүмкін емес, керісінше адал еңбек пен өзің үшін жасаған дұрыс таңдау арқылы оған біртіндеп жетуге болатынын ұғыну қажет. Қиындықсыз өмір болмайды, бірақ сол қиындықты жеңе білу - адамды шыңдайды.

Бір өкініштісі адамдар бақытты жоғалтқан кезде ғана түсінеді. Сол себепті әр сәттің бақытты кезін ертеңнен емес, бүгіннен іздеуіміз қажет. Өзімен келісімде өмір сүріп, жақындарын қадірлей білген жан ғана шын мәнінде бақытты. Себебі бақыт- барды кейін емес, сол кезде бағалай білу.

**Меруерт МЕРЖАНҚЫЗЫ,**  
ҚТӘ-17 (IP) студенті

## ЗАМАН АҒЫМЫ: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму қарқыны

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Қазіргі қоғамды ақпараттық-коммуникациялық технологияларсыз (АКТ) елестету мүмкін емес. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, цифрландыру үдерісінің жеделдеуі адамзат өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгеріс әкелді. Бүгінде ақпарат – ең құнды ресурсқа айналып, ал оны өңдеу мен тарату жылдамдығы қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің біріне айналды. Заман ағымы АКТ-ның дамуын талап етіп қана қоймай, оны өмірдің ажырамас бөлшегіне айналдырды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тек техникалық жетістік қана емес, ол – әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани өзгерістердің қозғаушы күші. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, тарату және пайдалану үшін қолданылатын техникалық құралдар мен бағдарламалық жүйелердің жиынтығы. Оған компьютерлер, интернет, мобильді байланыс, спутниктік жүйелер, бағдарламалық қамтамасыз ету, жасанды интеллект және бұлтты технологиялар жатады. АКТ дамуы бірнеше кезеңнен өтті. Алғашқы кезеңде

телеграф, телефон сияқты байланыс құралдары пайда болды. Кейін радио мен теледидар ақпаратты жаппай тарату мүмкіндігін ашты. XX ғасырдың екінші жартысында компьютерлердің өмірге енуі ақпараттық төңкерістің басталуына жол ашты. Ал интернеттің пайда болуы әлемді біртұтас ақпараттық кеңістікке біріктірді. Бүгінде цифрлық технологиялар дамудың жаңа сатысына көтерілді. Жасанды интеллект, big data, блокчейн, нейрожелілер, 5G байланысы сияқты инновациялар қоғам өмірін түбегейлі өзгертіп отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қазіргі қоғамның барлық саласына еніп, күнделікті өмір салтымызды өзгертті. Адамдар арасындағы қарым-қатынас бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл әрі жылдам болды. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер мен бейнеқоңыраулар уақыт пен кеңістік шекарасын жойды.

Қазақстанда да «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында көптеген жобалар іске асырылуда. Бұл бағдарламаның мақсаты – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың өмір сүру сапасын

## Мұқағалиға арнау

Ақиық, қазақтың дара ақыны,  
Мұзбалақ, мұңлық болған дана ақыны.  
Шын асыл, шыңға біткен шынардайын,  
Ақыннан отты өлең ғой қалатыны.

Мұқаңдай ақын көп пе қазағымда,  
Жазатын қуанышын, ғазалын да.  
Көп көрді жауһар жырдың қуанышын,  
Аз көрмеді, бірақ та азабын да.

Өлең қалды артында өлмейтұғын,  
Өндер қанша жүректі тербейтұғын.  
Махаббат бар, сезім бар жырларында,  
Жаралы жүректерді емдейтұғын.

Ақын жаны жаралған ғажаптардан,  
Ғажап болу үшін де азапталған.  
Мақатаев, жүрегі, поэзия  
Рухы оның әрқашан қазақ болған.

**Айзере ӘБДУӘЛИ,**  
ҚТӘ (IP)-11 топ студенті

## Интернат шығарған шабыт

Мама!  
Далада көргенім ол күнім емес,  
Айналам адам емес кілең елес,  
Сен сияқты басымнан сипамайды,  
Сыр ашпайтын көріксіз көлеңкелес.

Мамау, құрсыншы оқымай-ақ қояйыншы,  
Сол ауылда жаныңызда қалайыншы,  
Сары майға ыстық нанды батырып жеп,  
Қара шайға тойғанша қанайыншы.

Мама!  
Көз көргеннен қорықпа құлайды деп,  
Сен ұлыңды ойлама жылайды деп,  
Мен есеймей тұрғанда айтатын ең,  
Еркелетші сол сөзбен “құдай жүрек”.

Мама!  
Айтпаппын еркелеген ұнайды деп,  
Достарым келекесін құрайды деп,  
Ұялыппын өзімше нән жігіт боп,  
Анасы еркелетіп орайды деп.

Білесің мама, ұлың далада қонбайды,  
Өзгенің нанын берсе де қолға алмайды,  
Өкемің сөзі өзіңнің берген тәрбиенің,  
Қорықпа мама есіктен түсіп қалмайды.

Мама, есіңдеме айтушы едің кезінде,  
Түсінерсің сенде баласың әлі көсілме,  
Дейтінсің сонда, түсіндім нені меңзедің,  
Ойымда қалды ойында қалды сезімде.

Мама, жолым басталмай жатып жаңылдым,  
Білмеймін бәлкім, өзіңді қатты сағындым,  
Қайтамын мама, ренжіме енді ұлыңа,  
Шыдай алмайды жетегінде жүріп сағымның.

**Даурен САДИЕВ,**  
ҚТӘ-13 тобының студенті

жақсарту. Ақпараттық технологиялар мәдениет пен өнер саласына да жаңа серпін берді. Электронды кітаптар, онлайн музейлер, виртуалды көрмелер ұлттық мәдениетті кеңінен насихаттауға мүмкіндік берді. Өлемнің кез келген нүктесіндегі адам қазақ мәдениетімен таныса алады. Сонымен қатар цифрлық кеңістікте ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі де өзекті. Ғаламдану жағдайында ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалану арқылы ұлттық тіл мен дәстүрді жаңаша форматта дамыту маңызды. АКТ дамуы бірқатар мәселелерді де алға тартады. Ақпараттық тәуелділік, киберқауіпсіздік, жеке деректердің қорғалуы – қазіргі қоғамның басты проблемаларының бірі. Әсіресе жастар арасында интернетке тәуелділік әлеуметтік қарым-қатынасқа кері әсерін тигізуі мүмкін. Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму қарқыны – заман ағымының айқын көрінісі. АКТ қоғамды жаңғыртып қана қоймай, адамзаттың болашақ даму бағытын айқындап отыр. Оны тиімді пайдалану – әрбір азаматтың, әрбір мемлекеттің басты міндеті. Ақпараттық технологиялар адамға қызмет етуі тиіс. Сол кезде ғана біз цифрлық дамуды қоғам игілігіне жарата аламыз. Заман ағымына ілесу – уақыт талабы, ал оны дұрыс бағытта пайдалану – саналы ұрпақтың қолында.

**Аяжан АБУХАН,**  
ҚТӘ-31 тобы, Қазақстан Республикасы атындағы  
Президенттік шәкіртақы иегері

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.  
Ахмет Байтұрсынұлы

## ЖУРНАЛИСТ

№1 (87), қаңтар 2026 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы



## Таным

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДЫҢ  
АЙШЫҚТЫ НЫШАНЫ

(Ұлттық киім үлгілерінің арғы тегіне бойласақ)

Қазақ халқының ежелгі замандардан бергі сандаған ғасырлық тарихындағы құндылық көзі – **этнография саласы**. Осы арнадағы ұлт ойы мен ұлыс мұратының көсегелі биігі-тарихи жәдігерлеріміз бен рухани құндылықтарымызды аялай білуге қатысты. Бұл бүгінгі таңдағы жаңа буын, жас ұрпақ үшін ауадай қажет. **Қазақ этнографиясы** – қазақтың халықтық білімінің жалпы жиынтығы әрі ұлт болмысын танудың негізі. **Қазақ этнографиясы – тарихи санамыздың қалыптасуы мен өзгеріп, түлеуіне ықпал етер бірден-бір қуатты рухани күш**. Бір ұлттың ойлау, пайымдау қабілетінің орасан кеңдігі мен ересен тереңдігін танытар, дүниелік құбылыстардың күнгейлі, көлеңкелі сипаттарын ескеуге, саралауға мүмкіндік берер өмір сүру салтымыз бен дүниетану қалпымыздың көрінісі, айшықты нышаны... Зерттеулерге сүйенсек, қазақ халқы – мазмұны бай, түрі сан алуан қалыптағы ежелгі көшпенділер мәдениетінің заңды мұрагері.

**Қазақ этнографиясының бір саласы ұлттық киімдерінің үлгілеріне қатысты. Зерттеулерге зер салсақ, қазақ киімдерінің арғы тегі сонау сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, түркі дәуірлерінен сабақталады.** Тарихи жазбаларға жүгінсек, сонау Қола дәуірінің өзінде **сақтардың** малды қолға үйретіп, оны артыс, мініс көліктері ретінде пайдаланумен бірге, терісінен киім жасап, етін, сүтін азық ретінде түрлі тұтыну бұйымдарын жасағандағы айтылады. Бірақ сол кездің өзінде-ақ бұлар тері өңдеп, киіз басып, осыдан өздеріне лайық киім дайындаумен бірге Батыс пен Шығыстың дамыған елдерінен әртүрлі бұйымдарды алдырып пайдалана білген. Біздің ата-бабаларымыздың киімдері, киім мәдениеті бұрыннан, сонау арғы заманнан таяу жылдарға дейін өзінің **сәнділігі, көркемдігі және жинақы, реттілігі жағынан көз сүріндірерлік дәрежеде сәнді болған**. Қазақ киімдері **баскиім, белкиім, бұтқиім, аяққиім** түрлеріне бөлінген. Баскиімге **қалпақ, тымақ, тақия, шаршы (балалардың басына тартылатын шаршы шым), сәукеле, кимешек-шылауыш, жаулық, салы, желек** кіреді. Белкиім қатарына **қысқа тон, күрті, бешпет, күрмек, жейде, көйлек, көзекей** сияқтылар кіреді. Бұтқиім тобына **шалбар, сым, дамбал, тізеқап, аяққиімге саптама етік, етік, шақай, байпақ, мәсі, кебіс, кәлош** кіреді.

Қазақ киімдері негізі қазақ даласының өзінен өндірілген. Ел ішінде түрлі үлгіде киім пішетін, оны мәнеріне келтіріп тіге алатын, түрлі өрнекте кестелеп ұлттық мәнер кіргізетін шеберлер болған. Қазақ сахарасында **тымақтың, сәукеленің, тақияның, шапан мен ішіктің, бұтқиім мен аяққиімнің сан алуан түрі**, сондай-ақ жергілікті халықтың салт-санасына үйлескен, жергілікті үлгідегі немесе рулық-тайпалық үлгідегі киімдер – **қыпшақ тымақ, найман тымақ, керей тымақ, түлкі ішік, орман ішік, құндыз ішік, пұшпақ ішік** сияқты дала сәулетін арттырып, халық тұлғасын биіктетіп тұратын, көрген жанның көзін сүйсіндіретін нағыз ұлттық үлгідегі киімдер дүниеге келген. Мәселен, **тымақ** – ерлерге арналған баскиім (жаздық және қыстық). Жаздығы жеңіл, көбінде қара, қызыл елтірімен немесе пұшақпен жұрындалып жасалған. Қысқы тымақтың киізі қалыңырақ етіліп **түлкі, қарсақ, сеңсең** сияқты өскін жүнді аң немесе мал терілерінен жасалған. Терісіне қарай мұндай тымақтар **«елтірі тымақ», «түлкі тымақ», «пұшпақ тымақ», «қарсақ тымақ»** деп аталған. Тымақ – төбелі, маңдайлы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын жылы баскиім. Тымақ қасиетті делінеді. Оны айырбастауға, жерге тастауға болмайды, оны іліп қою керек, оған аяқ тигізу, аяққа басу адам басын қадірлемегендік, әдепсіздік есептелген. Атақты адамдардың **тымағы, тақиясы** атадан балаға мұра ретінде сақталған; **Айыр қалпақ**



– ерлердің киізден тігілген жеңіл баскиімі. **Айыр қалпақ** жұқа етіп басылған ақ киізден тігілген; **Байпақ** – жылылық үшін етіктің, мәсінің ішінен киетін киізден тігілетін аяққиім; **Бөрік** – қазақтың ертеден қалыптасқан ұлттық баскиімі (жаздық, қыстық). Оны бағалы аң терісінен және жас төлдің елтірісінен тігеді. Терінің түріне қарай **бөрік құндыз бөрік, сусар бөрік, көмшат бөрік, жанат бөрік, түлкі бөрік, елтірі бөрік** аталған. Бұрын қыздар киетін бөріктің төбесіне **үкі, жібек шашақ** тағып, **зер жіппен, жібек жіппен кестелеген меруерт, маржан тізбелер, алтын, күміс түймелер қадалған; Жаулық** – ақ түсті матадан немесе ақ жібектен тігілетін әйелдердің бас киімі. Жаулықты кимешектің сыртынан тартады. Тарту тәсіліне қарай **«қарқара», «күндік»** деп аталған; **Күпі** – матамен тыстап, ішіне қойдың, түйенің жабағы жүнін салып тігетін **ұлттық сыртқы киім; Күрте** – жеңіл, жеңсіз киім. Онда жең де, жаға да болмайды.

**Күрте** – кеудеге суық тигізбейтін жылы әрі ықшамды киім. Оны көйлектің сыртынан да, бешпеттің ішінен де киеді; **Қамзол** – әйелдер киімінің бір түрі. Оны көйлектің сыртынан киеді. Ол **барқыт, пүліш, мақпал** сияқты сапалы кездемелерден тігіледі. Қамзолды кей жерлерде **«жеңсіз бешпет»** немесе **«көзекей»** деп атайды. **Қыздар мен жас келіншектер киетін қамзол** айрықша сәнді болады. Оның екі омырауына **алтын, күміс жалатқан қозалар, шарбақ түймелер, меруерт-маржандар** тағылады. Кейбір жерлерде **күміс теңгелерді** тесіп те тағып қояды; **Қолғап** – қолға киетін киім. **Қолғап** тігілу, тоқылу үлгісіне қарай **бес саусақты, үш саусақты, тұйықбас** аталып, ал тігілетін материалына қарай **тері қолғап, жарғақ қолғап, тоқыма қолғап, кенеп қолғап** болып бөлінеді. Қолғаптың ең байырғы түрінің бірі – **құсбегілер киетін биялай**. **Биялай** түйенің мойнақ терісінен, бұғы, бұлан секілді аңдардың, өгіздің қалың мойын терісінен тігіледі. Бүркіттің тегеуріні басқа теріні тесіп кетеді; **Малақай (құлақшын)** – ерлердің салқынды киетін баскиімі. Оны **құндыз, бұлғын, сусар, жанат, түлкі, қарсақ, суыр** тағы басқа аңдар мен **құлын, бұзаудың терісінен, қозы мен лақтың елтірісінен** тігеді; **Малақай** – әрі жылы, әрі сыпайы баскиім. **Малақайды** ерлермен бірге әйелдер де киеді; **Мәсі** – аяққиімнің бір түрі. Ол **былғарыдан, шегіреннен, құрымнан** тігіледі. **Мәсінің** сыртынан **көбіс не кәлош** киіледі; **Саптама етік** – ішіне киізден астар салып, былғарыдан тігетін жылы аяққиім. **Саптама етік** жылқының, сиырдың терісінен илеген былғарыдан, көннен тігіледі; **Сәукеле** – әйелдердің баскиімі. Оны ұзатылатын қыздар және оның жанына еріп жүретін құрбылары киген. **Сәукеленің** негізгі бөліктері – **тәж, төбе, құлақбау және артқы бой**. **Сәукеленің** төбесі қиық конус тәрізді болып келеді. Оның төбесінде **«тәж»** деп аталатын жартылай дөңгелек айдар болады. Оны **асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен** өрнектеп, **алтын жіппен** әшекейлейді. **Сәукеле** төбесінің биіктігі **екі сүйем, кейде одан да биік** болады; **Тақия** – ерлердің жеңіл баскиімі. Тақияның түрлері көп: **биік төбелі, тегіс төбелі және үшкір төбелі тақия, т.б; Тон** – қазақтың ұлттық киімдерінің бір түрі. Оны қойдың, ешкінің және құлынның терісінен тігеді. **Тонның** қазақ даласында тараған негізгі екі үлгісі болған. Оның бірі – **тік тон**. Екіншісі – **бүрме тон**. **Тонның** ең қымбаты – **қамқа тон**. Бұл тон екі түрлі жолмен тігіледі. Оның бірі – **«қамқа»** деп аталатын жылтыр қара жүнді аңның терісінен түгін сыртына қаратып тігіледі. Екіншісі – **алтын, күміс жіптерден (зерден) тоқылған матадан** тігіледі. Бұл тонның екеуі де бағалы; **Шапан** – қазақтардың және Орта Азия халықтарының ұлттық киімі. Оны қалың матадан арасына жүн, мақта салып, астарлап немесе қос астарлап сырып тігеді. Шапан **«сырмалы шапан», «қаптал шапан», «кималы шапан»** деп бөлінеді. Қазақ халқының арасына сыйлы адамдарға сыйлық ретінде **шапан кигізу дәстүрі** кең тараған; **Шекпен** – жүннен тоқылатын сырт киім. Шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. **Шекпеннің** ең әдемі түрін **«шидем шекпен»** дейді. **Шидем шекпен тайлақтың** жүнінен тоқылады; **Ішік** – қазақтың ұлттық киімдерінің бірі. Ол елтіріден, сеңсеңнен, әртүрлі аң терілерінен тігіледі, сырты матамен тысталады. Тері түріне қарай **елтірі ішік, сеңсең ішік, қасқыр ішік, пұшпақ ішік, орман ішік, жанат ішік, бұлғын ішік** аталған. **Ішік** – екі маусымда да киюге арналған жылы киім. Мәселен, **қасқыр ішік, түлкі ішік, көкебай ішік, қарсақ ішік, бұлғын ішіктер** қыста, **пұшпақ ішік, орман ішік, жанат ішік, елтірі ішіктер** қара күзде, көктемде киюге арналған; **Кимешек** – ақ бәтес немесе ақ торғыннан дайындалған қазақ әйелдерінің баскиімі. **Кимешектің** басқа киетін жағы ашық етіп жасалады. Артқы жақ етегі әйелдің сауырын, алдыңғы жақ етегі омырауын, екі жағы иықтарын жауып тұрады. **Кимешек** бетінің екі жағы зер жіптермен немесе қызылды-жасылды жібек жіптермен кестеленеді. Шет-шетіне оқа бастырылады, өсемдеп көркемдейді; **Шылауыш** – кимешектің сыртынан киетін ақ бәтес немесе ақ жібектен тігілген әйелдердің баскиімі; **Көбенек (көбентай)** – ақ киізден арнайы жасалған сырт киім. Оны түн жастанып жорыққа аттанатындар, жылқы күзетіндегілер киеді; **Күләпара** – тымақтың сыртынан кигізілетін қабы. Қыста киетін күләпараны түйе жүнінен тоқиды немесе арасына мақта немесе жүн салып, сырып жасайды. Тонның ең бағалы әрі әдемі түрі **«Қамқа тон»** деп аталады. **«Ас – аттынікі, той – тондынікі»** деген сөз осындай тондарға қаратылған. Оны **бұрын бай, би, хан, мырза, ханым сияқты биік мәртебелі адамдар киген**. Киімнің бұл түрі **ондатр, құндыз, бұлғын, манат** сияқты бағалы аң терілерінен түгі сыртына қаратылып, астарланып жасалады. Иін әбден қандырып, қынаға бояп, аң терілерімен жиектеп, қой терісінен де жасауға болады (**Танымдық мақала этнограф ғалымдар Сәнік Зейнолла мен Жанат Зейноллақызының «Қазақ этнографиясы» (Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2016. – 576 бет) зерттеуі негізінде** өзірленді).

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**  
«Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалы кеңесінің төрағасы,  
Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

**Аяулым МАРСЕЛОВА, Жанайна СЕЙІТЖАНОВА,**  
Қоғамдық даму департаментінің әдіскерлері

# Іскерлікке баулыр тың тынысты еңбек

Шешендік дағды – табыс кепілі, ақылмен билеу білігі. Қазақ ойының хас дүлдүлі **Әбіш Кекілбайұлы** айтпай ма: *«Білік - сана иесінің басты қасиеті. Бірақ оны молайту үшін бір басыңның көрген-білгені аздық етеді. Қанша темір өзек жан болса да, адамзаттың әлденеше ұрпағының аузын күйдіріп, ақылын молайтқан ащы-тұщының бәрін бір басынан өткеріп үлгеріп ұзақ ғұмыр сүруі мүмкін емес. Сондықтан есті құлақ замандастарының аузына, есті көз бұрынғылардың жазуына үңіліп бағады»* деп. Жуырда іскерлік шешендіктің тұңғық астарлы қағидаларымен үделес Махамбет университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** әріптес шәкірттері **Дана Абатқызы Шакуова, Айдана Сабырқызы Татахановалармен** авторлық бірлестіктегі **«Іскерлік шешендіктану»** атты оқу құралы (Алматы, «Болат Медиа» мекемесі баспасы, 2025. - 432 бет) жарық көрді. Академик автордың өз қолынан автограф жаздырып алып, үңіле оқуға ден қойдық. Сенсеңіз, Сізге өтірік, бізге шын, басымызды көтерместен, қызыға оқыдық. Еңбектің әрбір парағы оқырманын өзіне магнитше тартқандай... Еңбек сәтті өрілген экспромт сөз арқылы мейілінше мол мөлшерде олжаға кенелу, телефон арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты дұрыс құра білу іспетті іскери шешендік қағидаларының сан алуанымен таныстырады. Оқу құралының **«Іскерлік шешендік табиғаты», «Афоризм – тілсіз төлімгер»** атты қос тарауында *«Сөз сөйлеуге даярлық – демосфендік дағды», «Барлық жеңіс өзіңді-өзің жеңуден басталмақ», «Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат», «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді», «Шаршы топта сөз бастау қиын»* сияқты т.б. бөлімдер қамтылған. Еңбек бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге және барлық деңгейдегі басшыларға арналған.

**«Іскерлік шешендіктану»** оқу құралы - жастарды іскерлік білік-дағдыға баулыр тың тынысты еңбек. Шешендік өнерді меңгерудің табыс кепілі екендігін кредо тұтқан авторлардың аталмыш кітабы – көзге түсу үшін емес, тыңдар құлақ үшін тиімді сөз сөйлеу туралы. Оқу

құралында мейілінше қысқа да нұсқа сөйлемдермен, нақыл-ақыл сөздермен барынша жинақы қайыруға ұмтылуға назар аударылған. Оқу құралы – іскер мамандардың аудиторияда, мәжіліске арналған залдарда сөйлеген сөздері мен шаршы топ алдындағы шешендік тәжірибелерінің тұжырымы. Сондай-ақ кәсіби шешеннің жеке ерекшелігі мен өзіне сенімділігін қалыптастыруға ұмтылысы баса ескерілген. Оқу құралында барынша тәжірибелік мүддені көздей отырып, қысқа қайыру, қысқа айту қағидаты ескерілген. Біздіңше, осы оқу құралында өрілген қилы кеңестерді басшылыққа алсаңыз, нәтижеде Сіз бұрынғыдан да жақсы



сөйлеп, іскер тұлға ретінде бойыңызға топ алды не іс басында шешен сөйлеу мәдениетінің белгілі бір дағдылары жинақталып, ісіңіз нәтижелі тұрғыда оңға басар деген сенімдеміз...

Еңбек авторларының түйіндеуіне сүйене айтар болсақ, ақыл-парасаты, сана-сезімі және қиялдай білуі қалыпты адам егер де жігерлі жұмыс жасар болса, кез-келген уақытта да іскерлік тұлғада танылмақ. Бұл ретте іскер маманның әдеби-оның жан дүниесінің эстетикасы. Осы іспетті тұжырым оқу құралының алғашқы **«Іскерлік шешендік табиғаты»** тарауының **«Іскерлік қарым-қатынас әдебі»** атты бөлімі бойынша жасалды. Ал еңбектің алғашқы тарауы іскерлік шешендік мәдениетіне қатысты 13 бөлімге

жіктеле ұсынылған. Ұсынылған әрбір бөлімге үңілсек, іскерлік шешендікке қатысты таңғажайып білік-дағды қалыптастырар теориялықта, тәжірибелік те мол мағұлмат-деректі тұжырымдарға қанығамыз. Құдды, осы кітаптың бір өзі – өздігінен өзі сөйлеп тұрған, оқырманына әдістемелік көмек беруге даяр іскери ритор-педагог сынды. Кітап атаулы оның авторына тартады деген осы болса керек. **«Іскерлік шешендіктану»** оқу құралының екінші тарауы **«Афоризм – тілсіз төлімгер»** аталып, іскерлік шешендікке қатысты 2000-нан аса ақыл-нақыл сөздер легі 20 бөлімге жіктеле берілген. Біле білсек, бір тонна



қорғасыннан бір мысқал сөз ауыр. Біздіңше, ұсынылған данышпан ғұламалардың осы бағыттағы озық ойларымен танысу – таңғажайып ой жаттығуы дерлік. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес. Оқу құралындағы жиырма бөлімге бөліне жіктелген екі мыңнан аса афоризмді ойлана оқып ой жүгірте қарасақ, іскерлік шешендіктің тұңғығына бойлағандай кейіпте болғанымыз рас... Мәселен, автор **«тыңдаушылардың назарын аударту үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көңілді сергітетін қысқа қайырым-шегіністер болса нұр үстіне нұр болар»** дейді. Тап-таза тәжірибелік тұжырым. Қалай иланбайсыз?.. Оқу құралының екінші тарауының 20

бөлімінің жіктелімі де іскерлік шешендік білік-дағдысын оқырман санасына шоғырымен сыналып енгізгендей. Асылы, қуаты мол, тапқырлыққа толы тамаша нақылдар ешқашан ұмытылмайды, олар ғасырлар бойы есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады даусыз. Демек, ұлы адамдардың ойларына бой ұру – ең бір қызғылықты ғылым дер едік. Аталмыш еңбек авторлары осы бір теңдесіз таңғажайып кемел ғылымның аша білген. Демек, **«Іскерлік шешендіктану»** еңбегі - бүгінгі жастарымызға ауадай қажетті, әсіресе, жас тұлғалардың кәсіби іскер маман тұрғысында қалыптасуына аса зәру еңбек. Біздіңше, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен басылым көрген **«Іскерлік шешендіктану»** кітабы – шын мәнінде, тура мағынасында жас тұлғаларды кәсібиліктің киелі ғимаратына бойлатар, кәсібиліктің биік Олимп шыңына ұмтылдырар тәжірибелік салмағы басым сүйекті еңбек.

**«Іскерлік шешендіктану»** оқу құралының теориялық тұрғыдағы құндылығы, тәжірибелік сипаттағы зәрулігі еңбек тараулары бойынша жасалған тұжырым-түйіндерінен де айқын аңғарылады. Бұл ретте еңбектегі іскерлік шешендік білік-дағдыларға қатысты 200-ден аса кеңеске орын берілуі туындының аса құндылығын айқындайды. Мәселен, **«Данышпан Ибн Синаға сүйенсек, емші-дәрігердің үш қаруы барын білгейсің: біріншісі – сөз, екіншісі – пышақ, үшіншісі – шөп. Емші-дәрігер қыран көзді, мамық сөзді, жыландай дана, арыстан жүректі болуы тиіс. Демек, сөз – емші. Дұрыс сөйлей білу дегеніміз – дұрыс емдей білу. Сөзіне сүйсінсең, өзіне құл боласың!»** т.т.

**Қадірлі оқырман жас тұлғалар! Профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** әріптес шәкірттерімен авторлық бірлестікте ұсынған **«Іскерлік шешендіктану»** кітабын шұғыл қолға алғайсыз! Үңіле оқығайсыз! Сонда Сіздің кәсіби іскерлік шешендіктің тұңғығына терең бойларыңызға кәміл сенеміз! **Іске сәт!**

**Айдарбек АҚБОЛАТОВ,**  
философия докторы (PhD),  
қауымдастырылған профессор

**Тұрар ШАЙХИЕВ,**  
саясаттанушы



## Мазмұнды кездесу

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Туремуратова Жансұлу Менешқызы — Батыс Қазақстан облысының Іскер әйелдер қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы, БҚО әкімінің гендерлік саясат жөніндегі қоғамдық кеңесшісі, Қазақстан Халық партиясы БҚО филиалы әйелдер қанатының жетекшісімен кездесу өтті.**

Кездесу барысында спикер өзінің кәсіби өмір жолындағы тәжірибесімен бөлісіп, уақытты тиімді басқару, өзін-өзі дамыту, мансап құру және көшбасшылық қабілеттерді қалыптастыру мәселелеріне кеңінен тоқталды. Сондай-ақ жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау, әйелдер кәсіпкерлігіндегі мүмкіндіктер мен кездесетін сын-қатерлер туралы мазмұнды ойлар айтты. Іс-шараға студенттер, магистранттар және жас мамандар қатысып, ашық диалог форматында өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Кездесу жастарға мотивация беріп, кәсіби дамуға жаңа серпін сыйлады.